



Мемлекет басшысының Қазақстан халқына ҮНДЕУІ

Құрметті қазақстандықтар!

Ел ішінде биыл кезектен тыс Президент сайлауын өткізу мәселесі қызу талқылануда. Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі көтерген бастамаға қоғам өкілдері жан-жақты пікір білдіруде. Парламент депутаттары мен саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдары өз пікірлерін айтты. Маған күн сайын еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген хаттар келуде. Барша жұрт кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бастамасына қызу қолдау білдіруде.

Құрметті қазақстандықтар!

Кезектен тыс Президент сайлауын өткізуге Демократиялық күштердің «Қазақстан-2050» жалпыұлттық коалициясы бірауыздан қолдау білдірді. Ол 6 саяси партияның, 18 республикалық қоғамдық бірлестіктің, 500 өңірлік үкіметтік емес ұйымдардың басын біріктіреді. Аталған мәселе бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі бастамашылық жасады.

Бұл күндері менің атыма кәсіпорындардың еңбек ұжымдарынан, ардагерлерден, студенттерден, жасы және кәсібі әртүрлі адамдардан көптеген хаттар мен жеделхаттар түсіп жатыр. Мұның өзі біздің азаматтарымыздың өсе түскен саяси белсенділігі мен олардың ел тағдырына шынайы қамқорлығын білдіреді. Барлықтарыңызға осы үшін зор рахмет.

Біздің азаматтарымыз үшін бүгін не нәрсе аса маңызды?

Біріншіден, маған арналған барлық үндеулерде ешқандай ішкі кикілжіңдер мен сыртқы жанжалдар біздің елімізге кесірін тигізбесін деген бүкілхалықтық алаңдаушылық байқалады. Адамдар бұл үшін тұрақтылық пен қоғамымыздың бірлігін нығайту қажет екенін түсінеді.

Екіншіден, әлемдік экономикалық дағдарыс белең ала түскен кезеңде халыққа ертеңгі күніне деген сенімділік керек. Бұл, ең алдымен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік төлемдердің, жалақының, стипендиялардың тұрақтылығы.

Үшіншіден, жаһандық геосаяси қарама-қайшылықтар ушыға түскен жағдайда, біздің азаматтарымызды ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі алаңдатады. Сондықтан қазақстандықтар теңдестірілген ішкі және сыртқы саясаттың әрі қарай жалғастырылғанын қалайды.

Бұлар оңай мәселелер емес. Оларды шешу барлық азаматтар мен барлық деңгейдегі атқарушы биліктен дағдарыстан шығу жөніндегі белгіленген бағдарламаларды орындау үшін күш біріктіруді талап етеді. Осылайша, барлығымыздың алдымызда аса ауыр жұмыс тұр.

Маған Қарағандыдан Нина Алексеевна Мисоченко былай деп жазады:

«Күн сайын балаларымның амандығы үшін, жеріміздегі бейбітшілік пен тыныштық үшін мінәжат етемін. Күн сайын Құдайдың алдында біздің үйлерімізге ешқашан ешқандай алауыздық пен ешқандай соғыс қатер төндірмесін, біз қашанда бейбіт және бақытты өмір сүрейік деп жалбарынамын. Қазақстанда барлық адамдар татулық пен бір-біріне сеніммен өмір сүріп жатса, бұл Сіздің ерен еңбегіңіздің арқасы. Қазақстандықтар бірге еңбек етіп, бір-біріне қолұштарынан береді, балалары мен немерелерін алаңсыз оқытып, өсіріп жатыр. Әрқашан және мәңгілік осылай бола берсін!».

Рахмет, Нина Алексеевна! Бұл тек менің ғана емес, біздің бүкіл халқымыздың еңбегі. Тәуелсіздік жылдарында қазақстандықтардың бойында бейбітшілік пен келісім – басты жалпыхалықтық игілігіміз деген даналық ұғым мықтап орнықты. Және оны әр күн сайынғы еңбекпен қорғау және нығайту қажет. Бүгінгі біздің қазақстандық мінез бітіміміз осындай! Бірлік пен Тұрақтылық – бұл біздің жауапты тандауымыз! Бұл біздің Отанымыздың табысты дамуының басты формуласы.

Қымбатты отандастар!

Өткен 23 жыл – біз үшін ғасырға бергісіз жылдар. Кезең-кезеңімен жүргізілген тұрақты саясаттың арқасында біз бүгінгі белеске көтерілдік. Қазақ қазақ болғалы қазіргідей төрт құбыласы түгел, қуатты елге айналып көрген емес. Біз бүгін қариясы қамсыз, азаматы алаңсыз, ұрпағы уайымсыз елдердің қатарына ұмтылды. Біз үшін көк аспанымыз ашық, көк байрағымыз асқақ болғаннан артық мәртебе жоқ.

Жер бетінде саны қанша миллион болса да туын тігер ұлтарактай жерді, ұрпағына мирас етер елді арман еткен ұлттар қаншама! Елі болғанмен бағдары жоқ, бағдары болғанмен берекесі жоқ халықтар да көз алдымызда. Қазақстан даму көшіне ілескен елдерден суырылып шығып, көш тізгінін ұстаған елдердің санатына бет алды. Бірақ, біз өткенді ешқашан ұмытпауға тиіспіз.

Қазақ – тарихи жады мықты, соңына қарап тәубесін айтқан, жолына қарап тәуекел еткен халық. Әсіресе, осы күндері маған жүздеген хаттар келіп түсуде. Солтүстік Қазақстан облысының жасы тоқсаннан асқан тұрғыны



Сайлау елімізді ұлы істерге ұйыстырып, баянды болашақ жолында біріктіре түсеріне сенемін. Қазақстандықтарды ел тарихындағы тағы бір тағдырлы оқиғаға жауапкершілікпен қарап, белсене қатысуға шақырамын.

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ
(Мемлекет басшысының
Қазақстан халқына
Үндеуінен)*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **қаулы етемін:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуіріне тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.
4. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.
5. Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ.
Астана, Ақорда, 2015 жылғы 25 ақпан. №1018**

Байқуаныш Сәрсембин ақсақал былай деп жазыпты: «Өткен ғасырдағы түрлі тарихи оқиғалардың бәрі менің көз алдыма өтті. Бірде құлдырап, бірде өрлеген қилы замандарды көрдік. Бірақ, дәл қазіргідей Алтын Ғасыр халқымыздың басында ешқашан болған емес. Елінің шекарасын бекітіп, барлық елдермен достық қатынас орнатып, барша адамзат тағдырын шешуге араласып отырған қазақ баласы ешқашан болмаған», – дейді Байқуаныш қария.

Мен жеткен абырой, мәртебе – барша Қазақстанның мерейі. Әрбір хат иесінің бүгінгі Қазақстанды мақтан етіп, марқайтынын көремін.

Біз өресі биік, рухы берік, отаншыл елміз. Біз үшін туған елдің бір уыс топырағынан қасиетті жер жоқ, бір түп жусанынан жұпар иіс жоқ. Елдің бірлігін нығайтып, Отанымызды көркейтуге бағытталған кез келген ұсыныс мен үшін құнды. Қоғамда талқыланып жатқан кезектен тыс Президент сайлауын өткізу жайын мен осы тұрғыдан сараладым.

Құрметті отандастар!

Бұрынғы Президент сайлауынан бері 4 жыл өтті. Бұл Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер ашқан күрделі уақыт еді. Біз 2011 жылғы сайлауалды науқаны барысында менің тарапымнан айтылған барлық мақсаттарға қол жеткіздік. Біз әлемдегі аса дамыған 30 елдің қатарына ену жөніндегі ұзақ мерзімді 2050 Стратегиясын жүзеге асырудамыз. Бүгінде мен жаһандық экономикалық және геосаяси тәуекелдерді есепке ала отырып айқындап берген мемлекеттік бағдарламаларда дамудың барлық стратегиялық мәселелері белгіленген.

Дағдарыс пен біздің экспорттық тауарларымызға бағаның күрт төмендеуінен бізге бюджет саясатын жедел оңтайландыруға тура келді. Дағдарысқа қарсы шаралар кешені жүзеге асырылуда. Біз жаһандық дамудың ауыртпалықтарын абыроймен еңсеретінімізге сенімдімін. Бізде бұл үшін барлық жағдай – іс-қимылдың нақты жоспарлары, халықтың бірлігі мен қажетті ресурстар бар.

Енді сайлау туралы айтайын. Бүгін мен Парламент Сенаты мен Мәжілісі басшылығымен, Премьер-Министрмен және республика Конституциялық Кеңесінің Төрағасымен консультациялар өткіздім. Оның алдында Сенат Төрағасының сауалы бойынша Конституциялық Кеңес кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бойынша жан-жақты түсініктеме берді. Президент және Парламент сайлауларын өткізудің күнтізбелік мерзімі 2016 жылға деп келіп, іс жүзінде қосақталып тұр. Конституция бұған жол бермейді.

Менің Мемлекет басшысы лауазымындағы конституциялық өкілеттілігімнің мерзімі 2016 жылы аяқталады. Осыған байланысты екі ұсыныс айтылуда. Бірінші – ел Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізу. Екінші – Мемлекет басшысының өкілеттілігін ұзарту туралы референдум өткізу. Екі ұсынысты да жүзеге асыруға болады.

Көңілге қонымдысы, Конституция талаптарына жауап беретіні сайлау өткізу болып табылады. Сондықтан халықтың мүддесіне орай, оның өтінішін, жалпыға ортақ ерік-жігерін есепке ала отырып, Негізгі Заңды бұлжытпай сақтау үшін мен Конституцияның 41-бабының 3-1 тармағына сәйкес шешім қабылдап, 2015 жылдың 26 сәуірінде кезектен тыс Президент сайлауын белгілеу туралы Жарлыққа қол қойдым. Қазақстан үшін сайлау қашанда қоғамдағы бірлік пен келісімнің жоғары тетігі болды. Қазір де және әрқашанда солай болатынына сенімдімін!

Сайлау – аса маңызды конституциялық және патриоттық акт. Оны заңнамаға қатаң сәйкес, ашық және адал, отандық және халықаралық байқаушыларды кеңінен қатыстыра отырып өткізу қажет. Алдағы сайлауға өзімнің қатысатыныма орай шешімді мен кейінірек, еліміздің Конституциясы мен заңдарына толық сәйкес қабылдайтын боламын.

Қымбатты қазақстандықтар!

Қайта қаһарына мінген әлемдік дағдарыс жағдайында бірлік бізге бұрынғысынан бетер құнды. Мемлекеттің тыныштығы мен елдің бірлігін сақтап, дамыту Президенті бастап, елі қостаған кезде ғана баянды болмақ. Жауапкершілік бүкіл халыққа да жүктеледі. Осыны ұмытпайық. Алдағы биік белестер мен асқар асулар үшін біз барлық кедергілерді бағындырып, алға басуға тиіспіз.

Құзырлы органдар Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасы еліміздің Конституциясына және Сайлау туралы Заңға сай деген қорытынды шығарды. Мен сайлауға қатысты «иә» мен «жоқты» мұқият ой таразысына салдым. Сөйтіп, «кезектен тыс Президент сайлауын өткізген жөн» деген пайымға келдім. Сайлау елімізді ұлы істерге ұйыстырып, баянды болашақ жолында біріктіре түсеріне сенемін. Қазақстандықтарды ел тарихындағы тағы бір тағдырлы оқиғаға жауапкершілікпен қарап, белсене қатысуға шақырамын.

Баршаңызға бірлік пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтуіне байланысты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 тармағына сәйкес Амангелді ауданы бойынша сайлау учаскелерінің шекарасы жарияланады.

Учаскелік сайлау комиссиясының шекаралары:

№ 213 Жетібай сайлау учаскесі

Орталығы: Жетібай ауылы, орналасқан жері: медициналық пункт ғимараты.

Шекарасы: Жетібай ауылы

№ 214 Құмкешу сайлау учаскесі

Орталығы: Құмкешу ауылы, орналасқан жері: мектеп ғимараты. Шекарасы: Құмкешу және Құстөбе ауылдары

№ 215 Айтбай сайлау учаскесі

Орталығы: Айтбай ауылы, орналасқан жері: мектеп ғимараты. Шекарасы: Айтбай ауылы

№216 Маметов сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді селосы, М. Маметова 4, Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінің ғимараты

Шекарасы: Амангелді ауылының шекараларында Қанжығалин к-сі 2/1, 2/2, 3, 5, 6, 7, 8, 9 үйлері, Танатқан палуан к-сі 1/1, 1/2, 3/1, 3/2, 4, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2 үйлері, Б.Майлин: к-сі 25/1, 25/2, 25/3, 25/4, 25/5, 25/6, 25/7, 25/8, 25/9, 25/10, 25/11, 25/12, 25/13, 25/14, 25/15, 25/16, 25/А, 27/2, 27/3, 27/6, 27/7, 27/8, 27/А үйлері, Ә.Дүйсенбін к-сі 22/1, 22/2, 25/1, 25/2, 25/3, 25/4, 26, 27/2, 27/3, 27/4, 27/5, 27/6, 27/7, 27/8, 28, 29/3, 30, 31/5, 31/7, 31/8, 31/9, 34 үйлері, Б.Байқадамов к-сі 16, 18/1, 18/2, 18/3, 18/4, 18/5, 18/6, 18/7, 18/8, 20/1, 20/2, 20/3, 20/4, 33/1, 33/2, 39/1, 39/2 үйлері, Байтұрсынов к-сі 1, 2, 5/1, 5/2, 7/1, 7/2, 11, 13, 13/1, 13/2, 17/1, 17/2, 19, 21, 28, 29/1, 29/2, 31/1, 31/2, 33/1, 33/2, 35/1, 35/2, 41/1, 41/2 үйлері, Мәтібай ақын к-сі 1/1, 1/2, 3/1, 3/2, 4, 5/1, 5/2, 6, 7, 9, 11 үйлері, Есчанов к-сі 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 19 үйлері, М.Дулатов к-сі 13/1, 13/2, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 27/1, 27/2, 27/3, 30/1, 30/2, 31, 38/1, 38/2, 42 үйлері, Сейдахмет ақын к-сі 2, 4, 6, 15,25,20, 23, 27/1, 27/2, 29/1, 29/2 үйлері, Жалдама к-сі 10, 23 үйлері.

№ 217 Амантоғай сайлау учаскесі

Орталығы: Амантоғай ауылы, орналасқан жері: Амантоғай орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Амантоғай және Қаракұдық ауылдары

№ 218 Жалдама сайлау учаскесі

Орталығы: Жалдама ауылы, орналасқан жері: Жалдама орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Жалдама ауылы

№ 219 Шақпақ сайлау учаскесі

Орталығы: Шақпақ ауылы, орналасқан жері: жеке үй

Шекарасы: Шақпақ ауылы

№ 220 Тасты сайлау учаскесі

Орталығы: Тасты ауылы, орналасқан жері: мектеп ғимараты. Шекарасы: Тасты ауылы

№ 221 Горняк сайлау учаскесі

Орталығы: Горняк ауылы, орналасқан жері: кітапхана ғимараты

Шекарасы: Горняк ауылы

№ 222 Қарынсалды сайлау учаскесі

Орталығы: Қарынсалды ауылы, орналасқан жері: мектеп ғимараты

Шекарасы: Қарынсалды ауылы

№ 223 Степняк сайлау учаскесі

Орталығы: Степняк ауылы, орналасқан жері: мектеп ғимараты. Шекарасы: Степняк ауылы

№ 224 Жанатұрмыс сайлау учаскесі

Орталығы: Жанатұрмыс ауылы, орналасқан жері: жеке үй

Шекарасы: Жанатұрмыс ауылы

№ 225 Үштоғай сайлау учаскесі

Орталығы: Үштоғай ауылы, орналасқан жері: мектеп ғимараты. Шекарасы: Үштоғай ауылы

№ 226 Ақсай сайлау учаскесі

Орталығы: Ақсай ауылы, орналасқан жері: мектеп ғимараты. Шекарасы: Ақсай ауылы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтуіне байланысты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағы, 17-бабының 5-тармағы сәйкес сайлау комиссияларының құрамдарын, олардың орналасқан жерлері жарияланады.

Амангелді аудандық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Амангелді селосы, Майлин көшесі, 14, әкімшілік ғимараты, телефон 21744.

Төрағасы - Ибраева Айнұр Тойкенқызы, төраға орынбасары – Қайырбеков Руслан Мұратұлы, хатшысы - Хамитов Ғафур Фаридұлы; Комиссия мүшелері: Абилин Азамат Егеубайұлы, Ахмедиянов Ербол Кенесұлы, Қажетова Алуа Сәбденқызы, Құсайынов Жасұлан Бірлікұлы.

Учаскелік сайлау комиссиялары:

№ 213 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жетібай ауылы, медициналық пункт ғимараты, телефон 23290.

№227 Амангелді сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді ауылы, Дүйсенбін к-сі, 35, Шұғыла жастар демалыс орталығы.

Шекарасы: Амангелді ауылының шекараларында Дүйсенбін к-сі 37/1, 37/2, 39, 41/1, 41/2, 42/1, 42/2, 43/1, 43/2, 44/1, 44/2, 45, 47/2, 47/3, 47/5, 47/6, 47/7, 47/8, 49/1, 49/2, 52/1, 52/2, 53, 54, 56, 57/1, 57/2, 58, 60, 61/1, 61/2, 62/1, 62/2, 63, 64/2, 66/1, 66/2, 68, 70 үйлері, А.Байтұрсынов к-сі 4, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 14, 15/1, 15/2, 16/1, 16/2, 20, 24/2, 26, 28, 30, 34, 34/1, 34/2, 36, 36/А, 37/1, 41/А үйлері, Мәтібай ақын к-сі 2, 8, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 26, 28 үйлері, Есчанов к-сі 2, 4/1, 4/2, 6, 8, 21, 25, 27, 29/1, 29/2, 31, 33, 35, 39, 41 үйлері, М.Дулатов к-сі 31/1, 31/2, 33, 36, 37/1, 37/2, 37/3, 37/4, 38, 41, 44, 45/1, 45/2, 46, 47, 48, 49, 50, 52, 53, 54, 55, 56, 60, 62, 64, 65, 66, 70, 74, 76 үйлері, Сейдахмет ақын к-сі 12/1, 12/2, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 18/1, 18/2, 20, 26, 28, 31, 29, 41 үйлері, Жалдама к-сі 10, 23, 31, 33, 39, 41, 43, 45, 49, 76 үйлері, Гордеев к-сі 3/1, 3/2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 19, 20/1, 20/2 үйлері, Торғай к-сі 2/1, 2/2, 4, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11/1, 11/2, 24 үйлері, Д.Божманов к-сі 2, 6, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 16/1, 16/2, 20/1, 20/2, 22/1, 22/2, 23, 24, 28, 30/1, 30/2, 32, 37 үйлері.

№228 Автобаза сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді ауылы, Б. Майлина 10, Б. Қолдасбаев орта мектебінің ғимараты,

Шекарасы: Амангелді ауылының шекараларында Абай к-сі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10/1, 10/2, 11, 12, 13, 14/1, 14/2 үйлері, Дүйсенбін к-сі 1/1, 1/2, 2,3/1, 3/2, 3/3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 6/1, 6/2, 7/1,7/2, 8/1, 8/2, 8/3, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12/2, 12/3, 12/4, 13/2, 13/3, 13/4, 15/1, 15/2, 15/3, 17, 19/2, 19/3, 20/1, 20/2, 20/3, 20/5, 20/6, 20/12 үйлері, Б.Байқадамов к-сі 1/1, 1/2, 1/3, 2, 3/1, 3/2, 3/3, 3/4, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 6/3, 7/1, 7/2, 8, 9/1, 9/2, 10, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 15/1, 15/2, 15/3, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19/1, 19/2, 21/1, 21/2, 23/1, 23/2, 25/1, 25/2 үйлері, Б.Майлин к-сі 1/1, 1/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 21/1, 21/2, 21/3, 21/4, 21/5, 21/6, 21/7, 21/8, 21/9, 21/10, 21/11, 21/12, 21/13, 21/14 үйлері, Жалдама к-сі 1, 3, 5, 6 үйлері, М.Әуезов к-сі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2 үйлері, М.Дулатов к-сі 1, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5/1, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2, 9/1, 12, 16 үйлері, М.Мәметова к-сі 1, 3, 5, 7/1, 7/2, 9/1, 9/2, 11/1, 11/2, 13/1, 13/2, 15/1, 15/2, 19/1, 19/2, 19/3, 19/4, 19/5, 19/6, 19/7, 19/8, 19/9, 19/10, 19/11, 19/12, 19/13, 19/14, 19/15, 19/16 үйлері, Н.Ахметбеков к-сі 1/1, 1/2, 2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 12/3, 13/1, 13/2, 14, 14/1, 14/2, 14/3, 15, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19/1, 19/2, 20/1, 20/2, 20/3, 21/1, 21/2, 22, 22/1, 22/2, 22/3, 23/1, 23/2, 24/1, 24/2, 24/3, 25/1, 25/2, 26 үйлері, Наурыз к-сі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 18/1, 18/2, 20/1, 20/2 үйлері, Сатыбалды к-сі 2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 7, 9/1, 9/2, 11/1, 11/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2 үйлері, Сейдахмет ақын к-сі 1, 3/1, 3/2, 5/1, 5/2, 7/1, 7/2, 7/3, 8/1, 8/2 үйлері, С.Мауленов к-сі 1/1, 1/2, 3/1,3/2, 5/1, 5/2, 7/1, 7/2, 9/1, 9/2, 11/1, 11/2 үйлері.

№229 Алтынсарин сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді ауылы, С. Мауленова 29, Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің ғимараты

Шекарасы: Амангелді ауылының шекараларында С.Мауленов к-сі 2/1, 2/2, 4/1, 4/2, 6, 8/1, 8/2, 10/1, 10/2, 12, 14, 16, 18/1, 18/2, 20/1, 20/2, 22/1, 22/2, 24/1, 24/2, 30/1, 30/2, 32/1, 32/2, 34/1, 34/2, 36/1, 36/2, 38/1, 38/2, 42/1, 42/2, 44/1, 44/2, 46/1, 46/2 үйлері, А.Байтұрсынов к-сі 43/1, 43/2, 45, 47/1, 47/2, 51/1, 51/2, 53, 53/1, 53/2, 57, 59, 61/1, 61/2, 63, 65, 67, 74 үйлері, Тойтөбе к-сі 1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 15, 17, 19/1, 19/2, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51 үйлері, Қасымов к-сі 2, 4, 6, 8, 10 үйлері, Қошқар батыр к-сі 1, 3, 5 үйлері, Иман батыр к-сі 1, 3, 5, 7 үйлері, Жәуке батыр к-сі 1, 3, 7, 9 үйлері, Байдаулетов к-сі 1, 1/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 7/1, 7/2, 9/1, 9/2, 11/1, 11/2, 13/1, 13/2, 15/1, 15/2 үйлері, Бодамбаев к-сі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 6/3, 6/4, 7/1, 7/2, 9/1, 9/2, 8/1, 8/2, 8/3, 8/4, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 15/1, 15/2, 16, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19/1, 21/1, 21/2, 25 үйлері, Дауылбаев к-сі 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12 үйлері, М.Мәметова к-сі 12/1, 12/2, 8, 14/1, 14/2,16/1, 16/2, 18/2, 21/1, 21/2, 22/1, 22/2, 24/1, 24/2, 26/1, 26/2, 27, 29/1, 29/2, 31/1, 31/2, 32/1, 32/2, 33/1, 33/2, 34, 35/1, 35/2, 37/1, 37/2, 39, 41, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 45/3, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2, 49/3, 51, 53, 55, 57 үйлері.

№230 Майлин сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді селосы, Божманов 38, Амангелді орта мектебінің ғимараты.

Шекарасы: Амангелді ауылының шекараларында Ш.Уалиханов к-сі 2/1, 2/2, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15/1, 15/2, 16/1, 16/2, 17/1, 17/2, 18 үйлері, С.Сейфуллин к-сі 1/1,1/2, 2/1, 2/2, 3, 3/А, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7, 8, 10,1, 10/2, 11,1, 11/2, 12/2,

№ 214 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Құмкешу ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23432.

Төрағасы - Әбдікәрімова Дария Әбдісалыққызы, төраға орынбасары - Жұмағалиева Алия, хатшысы –Аяпов Сейтжан; Комиссия мүшелері: Жарманов Алпысбай, Исмаилова Гүлстан Айтмағамбетқызы, Исмаилов Хамитбек Баяхметұлы, Төлебаев Ербол Жапарұлы.

№ 215 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Айтбай ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23269.

Төрағасы- Мырзекеев Жақсылық Самболатұлы,төраға орынбасары - Аймағанбетов Мейзам Қапарұлы, хатшысы - Рахметов Рамазан Мырзабайұлы; Комиссия мүшелері: Әлімгереев Нұрлан Әлімгерейұлы, Қалиев Дәуренбек Оспанұлы, Князова Роза Сапиоллақызы, Төлебаева Бану Сардарқызы.

№ 216 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді селосы, Мәметова

13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15/1, 16/1, 16/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2 үйлері, А.Нұрманов к-сі 4, 3/1, 3/2, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15, 16/1, 16/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19/1, 19/2, 20/1, 20/2, 22/1, 22/2, 24, 26/1, 26/2, 28/1, 28/2, 30/1, 30/2, 32/1, 32/2 үйлері, Кейкі батыр к-сі 1, 2/1, 2/2, 3, 4, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 7, 8, 9, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 15, 17, 19/1, 19/2, 21, 23/1, 23/2, 25/1, 25/2, 27/1, 27/2, 29/1, 29/2, 35/1, 35/2, 37/1, 37/2, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2 үйлері, Ермағанбетов к-сі 1, 2,3, 3/1, 3/2, 3/3, 4, 6, 7, 8, 9/1, 9/2, 10, 11/1, 11/2, 13/1, 13/2, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 19/1, 19/2, 21 үйлері, С. Мауленов к-сі 17/1, 17/2, 19/1, 19/2, 21/1, 21/2, 23, 25, 27, 29, 33, 37, 39, 40, 42/1, 42/2, 43, 44/1, 44/2, 46/1, 46/2, 48/1, 48/2, 50/1, 50/2, 50/3, 52/1, 52/2, 54/1, 54/2, 56/1, 56/2, 58/1, 58/2, 60/1, 60/2, 62/1, 62/2, 64/1, 64/2, 70/1, 70/2, 70/3, 72/1, 72/2, 74/1, 74/2, 78/1, 78/2 үйлері, А.Байтұрсынов к-сі 54, 56/1, 56/2, 58, 60, 62/1, 62/2 үйлері, Д.Божманов к-сі 1/1, 1/2, 7, 9, 11, 13, 21, 21/1, 21/2, 24/1, 25, 27/1, 27/2, 29/1, 29/2, 31/1, 31/2, 33/1, 33/2, 35/1, 35/2, 39, 42/1, 42/2, 43/1, 43/2, 44/1, 44/2, 46/1, 46/2, 48/1, 48/2, 50/1, 50/2, 51/1, 51/2, 52/1, 52/2, 53, 54/1,54/2, 56/1, 56/2, 62, 69, 72/1, 72/2 үйлері.

№ 231 Есір сайлау учаскесі

Орталығы: Есір ауылы, орналасқан жері: Н.Мейірманов атындағы мектеп ғимараты

Шекарасы: Есір ауылы.

№ 232 Кемер сайлау учаскесі

Орталығы: Кемер ауылы, орналасқан жері: кітапхана ғимараты

Шекарасы: Кемер ауылы.

№ 233 Қоғалықкөл сайлау учаскесі

Орталығы: Қоғалықкөл ауылы, орналасқан жері: кітапхана ғимараты

Шекарасы: Қоғалықкөл ауылы.

№ 234 Аккісі сайлау учаскесі

Орталығы: Аккісі ауылы, орналасқан жері: медициналық пункт ғимараты

Шекарасы: Аккісі ауылы.

№ 235 Қарасу сайлау учаскесі

Орталығы: Қарасу ауылы, орналасқан жері: ауылдық клуб ғимараты

Шекарасы: Қарасу ауылы.

№ 236 Ағайдар сайлау учаскесі

Орталығы: Ағайдар ауылы, орналасқан жері: жеке үй

Шекарасы: Ағайдар ауылы.

№ 237 С. Есенбаев сайлау учаскесі

Орталығы: С.Есенбаев ауылы, орналасқан жері: жеке үй.

Шекарасы: С. Есенбаев ауылы.

**№ 219 Сайлау учаскесі**

Орналасқан жері: Шақпақ ауылы, жеке үй, телефон 23277.

Төрағасы - Сейлова Майра Нұртазақызы, төраға орынбасары - Ақанов Елубай Аңсағайұлы, хатшысы - Байғонысов Бексейт Бегайдарұлы;

Комиссия мүшелері: Әнуаров Ақылбек Бакытұлы, Байкенов Абай Қожакелдiұлы, Бекмағанбетов Мәди Балтабайұлы, Спандияров Дүйсенғали.

№ 220 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Тасты ауылы, мектеп ғимараты, телефон 30300.

Төрағасы - Әлібекова Бакытжан Ашықбайқызы, төраға орынбасары - Қойгелдина Айсұлу Әнуарқызы, хатшысы - Ержанова Салтанат Тоболқызы;

Комиссия мүшелері: Абдрешова Софья Тоқтасынқызы, Ахатов Досан Әуезханұлы, Имансейтов Оралбек Сапабекұлы, Платонова Екатерина Марковна.

№ 221 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Горняк ауылы, кітапхана ғимараты, телефон 22500.

Төрағасы - Бекмағанбетова Сәулегүл Әшімханқызы, төраға орынбасары - Тұяқбаева Жұмабике, хатшысы – Ембергенова Салтанат Сәрсенқызы;

Комиссия мүшелері: Байшыков Руслан Әнуарбекқызы, Кравец Виктор Дмитриевич, Сапабеков Корғанбек, Шайхин Ғани Мырзаханұлы.

№ 222 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қарынсалды ауылы, мектеп ғимараты, телефон 20005.

Төрағасы - Жанарбаева Алтыншаш Әбдіжамалқызы, төраға орынбасары - Абдрахманов Мұратбек Құзырияұлы, хатшы - Өмірзакова Жеңіскүл Сүндетбайқызы;

Комиссия мүшелері: Әбдіхалық Дария Бексанқызы, Бужентаев Сансызбай, Ерғалиева Зинарқұл Бейсембайқызы, Жолмағанбетова Ләззат Жазыққызы.

№ 223 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Степняк ауылы, мектеп ғимараты, телефон 50205.

Төрағасы – Байкасынова Динар Қабденқызы, төраға орынбасары – Ғаниева Толқын Жолдыбекқызы, хатшысы - Әбдібекова Орынтай Аманжолқызы;

Комиссия мүшелері: Байдалин Базылбек Мұратбекұлы, Жаманова Мағиза Мұқашқызы, Мұқанов Бақытжан Танатарұлы, Токпаева Гүлмайра Есімжанқызы.

№ 224 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жаңатұрмыс ауылы, жеке үй, 23790.

Төрағасы - Башаев Талғат Біреліұлы, төраға орынбасары - Нұрғожин Балға, хатшысы - Зейнолдин Алмат Серікбайұлы;

Комиссия мүшелері: Әбеуов Боранбай Қойшыманұлы, Жалмағамбетов Тұрбай Мұқтарұлы, Мұханбетжанов Мәди Сапарғалиұлы, Сүндетова Данагүл Үмітқалиқызы.

№ 225 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Үштоғай ауылы, мектеп ғимараты, телефон 50201.

Төрағасы - Омаров Бейімбет Қорғашұлы, төраға орынбасары –Тұрғанов Бәкібай Қайыржанұлы, хатшысы - Ахметова Айман Әбдікәрімқызы;

Комиссия мүшелері: Әйтiшева Ғизат Зейноллақызы, Байтасова Гүлзат Қуандыққызы, Мажиров Мағзұм Ахметұлы, Серіков Жұмабек Алданышұлы.

№ 226 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақсай ауылы, мектеп ғимараты, телефон 30501.

Төрағасы - Кокишов Дүйсенбай Қауыпшұлы, төраға орынбасары - Аймағамбетов Ерболат Жұматұлы, хатшысы - Махметжанова Ғалия Орынтайқызы;

Комиссия мүшелері: Атаев Бауыржан Әбілқайырұлы, Балғұраев Қали Жақсылықұлы, Ибышева Нұргүл Мирасбекқызы, Хасенова Ләззат Керейқызы.

№ 227 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді селосы, Дүйсенбин көшесі, 35, «Шұғыла» жастар демалыс орталығы ғимараты, телефон 22021.

Төрағасы – Сейдин Сағынғали Зәкірұлы, төраға орынбасары – Әлмағамбетова Рая Оразмағамбетқызы, хатшысы - Қадиршинов Самат Мырзабекұлы;

Комиссия мүшелері: Досымова Камшат Балкенқызы, Қайдарова Эльмира Егінбайқызы, Көптілеуов Бекболат Сақтапбергенұлы, Сейдахметова Гаухар Жұмағалиқызы.

№ 228 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді селосы, Майлин көшесі, 10, Б. Қолдасбаев атындағы орта мектебі ғимараты, телефон 21141.

Төрағасы – Сеилова Жұлдызай Бахытбекқызы, төраға орынбасары – Жанділдина Гаухар Мұратқызы, хатшысы - Какенова Карлығаш Тарбақбайқызы;

Комиссия мүшелері: Амантаева Айнұр Есенғалиқызы, Әбдіков Мұханбетәлі Серікұлы, Жүнісов Нүркен Ғалымжанұлы, Сүлейменова Дәмеш Қажмұқанқызы.

№ 229 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Амангелді селосы, Мәуленов көшесі, 29, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі ғимараты, телефон 21557.

Төрағасы - Досымов Марал Мұратбекұлы, төраға орынбасары - Әбишев Рауан Мұханбетқалиұлы, хатшысы - Мұсабаева Камила Сапарбекқызы;

Комиссия мүшелері: Аяпбергенов Нұрсұлтан, Байзирова Жаңагүл Мәжитқызы, Искакова Жүрсін Баярстанқызы, Сүлейменова Жұмакүл Ташманқызы.

№ 230 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Аманкелді селосы, Божманов көшесі, 38, Амангелді орта мектебі ғимараты, телефон 21437.

Төрағасы - Құсайынова Төлеутай Есенжолқызы, төраға орынбасары - Камалиев Бақытбек Хамитұлы, хатшысы - Талқанова Айгүл Әзімбайқызы;

Комиссия мүшелері: Алтынбаева Гүлмира Қабсалыққызы, Асылбеков Азиз Бахытжанұлы, Ди-хамбаева Айгүл Мұратқызы, Қалмағанбетов Аслан Канатбайұлы.

№ 231 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Есір ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23769.

Төрағасы - Байтеміров Бақытбек Жакенұлы, төраға орынбасары - Нұрмағанбетов Жасұлан Еденұлы, хатшысы - Жұмағалиева Ұлмекен Ниязқызы;

Комиссия мүшелері: Жұмағалиева Баян Әуезханқызы, Қайникешова Айнұр Тұрлыбекқызы, Нұрмағанбетова Марал Рахымбекқызы, Төлепова Гүлім Молдабекқызы.

№ 232 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Кемер ауылы, кітапхана ғимараты, телефон 23039.

Төрағасы - Қалиев Жұмабек Жаңбырбайұлы, төраға орынбасары - Жұмағұлов Берік, хатшысы – Баймағанбетова Мейрамкүл Қайсарқызы;

Комиссия мүшелері: Әбдіков Жәнібек Жұмабекұлы, Амантаев Оразғали, Досбергенова Айтжан Кабдужалеловна, Смағұлова Сатен Кенжеғалиқызы.

№ 233 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қоғалыкөл ауылы, кітапхана ғимараты, телефон 23123.

Төрағасы - Ташпанов Айтуар Ыбрайұлы, төраға орынбасары - Түркенов Бейсенбай Есімсейітұлы, хатшысы – Жұмағалиева Ардақ Қаратайқызы;

Комиссия мүшелері: Бимыкова Күлзия Ерғантайқызы, Біржанова Күнсұлу Сақтапбергенқызы, Дүйсенова Гүлмира Сапарқызы, Күзенбаева Күлзада.

№ 234 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Аккісі ауылы, медициналық пункт ғимараты, телефон 23455.

Төрағасы - Қалқаев Тұрсынқабұл Дүйсенбайұлы, төраға орынбасары - Токсейітов Дулат Серікбайұлы, хатшысы - Уалиева Салтанат Жақсыбайқызы;

Комиссия мүшелері: Досымбеков Жангелді Сейтжанұлы, Садауқасова Сәуле, Тәуекелов Бейсен Шакенұлы, Тұрмағанбетова Гүлім Жұмаханқызы.

№ 235 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қарасу ауылы, ауылдық клуб ғимараты, телефон 25603.

Төрағасы - Қошанов Төлебай Сатенұлы, төраға орынбасары - Аляскарова Айткүл Уахитовна, хатшысы - Оскина Күлдірген Әбдуалиқызы;

Комиссия мүшелері: Әбілдин Қалмұхан Асқарұлы, Құлмағанбетова Ақмарал Әбдіғалиқызы, Мұханбетжан Саяуыш Қазыбекұлы, Мырзахметов Қайыржан Қалижанұлы.

№ 236 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ағайдар ауылы, Жеке үй, телефон 23219.

Төрағасы – Құлмағанбетова Қарлығаш Жұмағалиқызы, төраға орынбасары –Қалмышев Қайыржан Кәрімұлы, хатшысы - Жукина Браш Қапышқызы;

Комиссия мүшелері: Мұқатаев Рахымбек Қасымбек-

ұлы, Омаров Өркенбай Рахымбекұлы, Сейітова Гүлім Қасымқызы, Тұржанов Қайырбек Сағымбайұлы.

№ 237 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Сәт Есенбаев ауылы, жеке үй, телефон 23662.

Төрағасы - Есполов Жанбосын Досмағанбетұлы, төраға орынбасары - Жанарбай Құлахмет Әбдіжамалұлы, хатшысы – Ғалина Салтанат Сатенқызы;

Комиссия мүшелері: Әуезова Баян Көшкінбайқызы, Ержігітова Ләззат Қабдығалымқызы, Рахметов Жұмабек Скендірұлы, Тұржанова Гүлізат Сағымбайқызы.

№ 238 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ә.Сыздықов ауылы, жеке үй, телефон 23597.

Төрағасы - Дауытбаев Қонысбай Дауытбайұлы, төраға орынбасары – Әбілдин Олжас Дәуітұлы, хатшысы - Мұздаханова Гүлнәр Миращқызы;

Комиссия мүшелері: Досымова Жұлдыз Жұмағазықызы, Ербосынов Бекболат Нұралыұлы, Қабылдин Мүсілім Мейрамханұлы, Қуандықов Сансызбай Баймұрзаұлы.

№ 239 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Үрпек ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23905.

Төрағасы - Әбжан Жарылғап Ғабдоллаұлы, төраға орынбасары - Бабағұлов Зейін Мейрамқұлұлы, хатшысы - Құдайберген Рыстан Омарұлы;

Комиссия мүшелері: Байкенов Жанкелді Қожагелдіұлы, Жұмабеков Бауыржан Серікұлы, Нұржанова Майраш Тұрғынбаевна, Смағұлова Нұргүл Ерназарқызы.

№ 240 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ағаштыкөл ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23528.

Төрағасы - Тыныбаев Бүркіт Мырзағалиұлы, төраға орынбасары – Байман Үміт Жақсыбайқызы, хатшысы - Жортулова Баян Дайырбекқызы;

Комиссия мүшелері: Бүркітов Бекзада Мырзаболатұлы, Қалқашева Мөлдір Ғабизоллақызы, Қозбакова Гүлбаршын Алдангорұлы, Мұсағалиев Медет Қуанышұлы.

№ 241 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қосжан ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23521.

Төрағасы - Танатбаев Жұмағали, төраға орынбасары - Бейсенов Есет, хатшысы - Байділдина Балкымбат Мырзахметқызы;

Комиссия мүшелері: Әмір Ақтұрсын Еркінбайқызы, Кәкімжанова Айгүл Темірбекқызы, Мұханбетжанов Сабитбек Сайлауұлы, Омар Гүлбаршын Жаңбырбайқызы.

№ 242 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қабырға ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23410.

Төрағасы - Оспанбеков Ардақбек Несіпбекұлы, төраға орынбасары - Құрманғали Базаркүл Байжанқызы, хатшысы - Сейтқожин Мұхамедия Сейдағазыұлы;

Комиссия мүшелері: Байымбет Дархан Қойшыұлы, Қарбозов Ниязбек Тойшыбекұлы, Құрманғалиев Ильяс Байжанұлы, Шибұтов Жәнібек Жақсылықұлы.

№ 243 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жаңатай ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23520.

Төрағасы - Төлен Сәрсенғали Сапабекұлы, төраға орынбасары - Ерғалиева Сәуле Мұхатқызы, хатшысы – Рахымжанова Айжамал Қалдиқызы;

Комиссия мүшелері: Ерғали Бакытбек Мұхатұлы, Смағұлова Ләйла Серікқызы, Ташаева Бакытжамал Сайлауқызы, Шомбалов Аскербек Дүбірбайұлы.

№ 244 Сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Байғабыл ауылы, мектеп ғимараты, телефон 25590.

Төрағасы - Шоңғалов Қуандық Бакытұлы, төраға орынбасары - Бүркітбаев Түсіпқали Иманбекұлы, хатшысы - Бөлекова Жанат Егімбайқызы;

Комиссия мүшелері: Бекбалтина Сағымкүл Токтарқызы, Карин Ерлан Кайралапұлы, Нұрғалиева Құралай, Шакирова Гаухар Маратқызы.

Амангелді аудандық сайлау комиссиясының төрағасы

А.Ибраева

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28 бабы 3-тармағына сәйкес жарияланады:

1. Аудандық сайлау комиссиясының материалдары – 1 шаршы сантиметрге 80 тенгеден;

«АА» газеті редакциясы ЖШС әкімшілігі.

Отандық өнім – ұлттық экономиканы дамытуға серпін береді

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН ТАУАРЛАР — ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛУДА



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған өткен жылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Қазақстанда жасалған отандық өнімдердің көлемін ғана арттырып қана қоймай, олардың сапасын өркеніет талаптарына сай биік деңгейге жеткізіп, халқымыздың игілігіне айналдыруды алға қойғаны белгілі. Содан болар, былтырғы жылдан бастап, өз елімізде жасалған түрлі тауарларды халқымыздың кеңінен пайдалануына ақ жол ашылды. Бұл – алыс-жақын шет елдердің «сырты жылтырақ, іші қалтырақ» тауарларына деген сұранысты арттыра бермей, өзіміздің елімізде жасалған сапасы да, құнары да жоғары түрлі тауарларды көбірек пайдаланудың керектігін одан әрі күшейте түсті. Осының нәтижесінде республикамыздағы азық-түлік және басқа да тауарларды өндіретін зауыттар мен өндіріс орындарының өздері жасайтын тауарларының сапасын заманауи талапқа сай көтеруге ықпал етті.

Бұл бастама барлық жерлердегідей Аманкелді ауданында да кең қанат жайды. Аудан басшылығы Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру барысында отандық өнімдерді шығаруға және оларды тұрғындардың көбірек тұтынуына ерекше маңыз берді. Нәтижесінде, ауданымыздың шаруа қожалықтары мен серіктестіктерінде өндірілетін ет, сүт, көкөніс, бақша, нан өнімдерінің саны мен сапасы арта бастады. Сол сияқты, ауданымыздағы сауда үйлері мен дүкендерінің иелері Аманкелдіге Қазақстанда жасалған тауарларды көбірек әкелуді қолға алды. Алыс-жақын шет елдердің тауарларына деген сұраныс бұрынғыдай емес, бәсеңдеп, жергілікті өнімдерге деген ықылас арта түсті. Аудандағы «Қуаныш», «Береке», «Бекбауыл», «Еконай», «Айко», «Әсем», «Элфа-Нұр», «Ақ жол», «Сымбат» шағын маркеті және басқа да сауда үйлері мен дүкендері отандық тауарларды көптеп әкеліп, халықтың игілігіне айналдыруда. Бұл дүкендерде «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» деген жазу көрнекі жерге ілініп қойылған. Халықтың көзіне бірден түседі. Жұрт «Қазақстанда жасалған» деген жазуды көріп, сол жерге барып, ондағы тауарларды асықпай қарап, қуана-қуана алып жатыр.

Осы аптаның дүйсенбісі күні аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов, орынбасары Т.Т.Карбозов, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Ж.С.Әубәкір, бас маманы Е.Е.Жүмекенов, Аманкелді селолық округінің әкімі М.С.Дихамбаев Аманкелді селосындағы сауда үйлері мен дүкендерін аралап көріп, жұмыстарымен танысты. Олардың «Қазақстанда жасалған», «Отандық өнімдерді» тұрғындарға ықыласпен сатып жатқандарын көрді. Сол сияқты, тұрғындар да елімізде жасалған тауарларды ризашылықпен алып жатқанын байқадық. Солардың бірі - есімі аудан, облыс жұртшылығына танымал айтыскер ақын, ардақты ана, еңбек ардагері, «Октябрь Революциясы», «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері Төлеутай Құтжанқызы апамыз болды. Жасы 80-ге беталса да, өзін әрқашан сергек, жігерлі ұстайтын Төлеутай апай да өзінің алғысын білдіріп жатыр.

- Елбасымызға рахмет! Баяғыдан бері осылай істеуіміз керек еді. Шет елдердің сыртын сәндеп қойған түрлі тауарларын алғанша, өзіміздің елдің құнарлы да сапалы отандық өнімдерін алғанға не жетсін?! Олар әсіресе, денсаулыққа өте жақсы. Менің түлік мал шаруашылығымен айналысып отырған кәсіпкерлеріміз өздерінің қолдан жасаған өнімдерін сатуды көбейтсе екен. Өйткені, «Қазақстанда жасалған» отандық өнімдерді пайдалануға ақ жол ашылып отыр ғой. Мысалы, қымыз бен айранды, ет пен сүтті, қаймақ пен майды, қазы-қарта, жал-жаяны, жент пен тарыны және басқа да өнімдерді сататын болса, қандай жақсы! Жұрт онда газдалған, энергетикалық сусындарды алмас еді. Олардың зияндылығын әлемдік мамандар

қазір жиі айтып жүр. Осыны жастар біле бермейді. Олар өздерінің денсаулығын осы кезден күтуі керек. Ол үшін отандық өнімдерді пайдаланғандары дұрыс болады. Мен өзім медицина саласының маманымын ғой. Бүгінде ғалымдар жоғарыда аталған жасанды сусындардың, басқа да тауарлардың көптеген зияндылықтарын ашып көрсетуде. Бұл ойнайтын нәрсе емес. Осыны ескерген Елбасымыздың Қазақстанда жасалған отандық өнімдерді халықтың игілігіне айналдыру керектігі жөніндегі бастамасын мен толығымен қолдаймын. Мен ғана емес, ауданымызда тұратын барлық ардагерлер де қолдайды. Ұрпақтың қамын ойлап, осындай оң қадамға барғаны үшін біз Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевты және оның саясатын бұрынғыдан да жоғары деңгейде қолдап отырмыз. Ол кісі мемлекетімізді әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу жолында жаңашыл жұмыстар жасап жатыр. Соның бірі – отандық өнімді ел игілігіне айналдыру қадамы деп білемін. Біз - сол халықтың ұрпағымыз. Алдағы уақытта тек қазақтардың ғана емес, Қазақстанда тұратын 140-қа жуық ұлт өкілдерін отандық өнімдерді молынан пайдалануға шақырамыз. Өйткені, біздер қазақтар тек өз ұлтымыздың ғана қамын ойламаймыз, республикамыздағы барлық ұлттардың да қамын ойлаймыз. Әрине, бұл жерде тек қазақ халқының ғана емес, елімізде тұратын барлық ұлттардың да өздерінің түрлі ұлттық тағамдарын еліміздің ортақ игілігіне айналдырғанын қалаймыз. Себебі, оларда да сапасы мен құнары зор тағамдар көп. Мысалы, көкөніс және бау-бақша өнімдері осындай тағамдар. Халық бұларды көптеп алады. Бұл – ұлттық экономикамызды дамытатын өте пайдалы бастама. Еліміздегі Қазақстанда жасалған отандық өнімдерді ел игілігіне көптеп айналдырайық деген бастаманың пайдасы зор, - деді ардагер ақын апамыз.

Әрине, мұндай тілекті Ұлы Отан соғысының ардагері Ертай Мұқанұлы және тыл және еңбек ардагері Ғалымжан Жүнісұлы мен Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің намазхандары Аманкелді Оспанов, Қуаныш Исмағұлов, Рая Құсайынкеліні, Гүлназия қажы Қапарқызы бастаған аға-апаларымыз да білдірді.

- Бұл бастама жыл басынан бері бізді қуантып, көңілімізден шығып отыр. Отандық өнімдерді пайдаланғанның берері мол. Халық үшін де, отанымыз үшін де пайдалы. Қаржымыз далаға кетпейді. Сондықтан, осы бастама бұдан әрі кеңінен жалғаса берсін! - деді Гүлназия қажы Қапарқызы.

Ол өзінің аудан орталығындағы «Береке» сауда үйінен «Қазақстанда жасалған» отандық сапалы өнімдерді тұрақты түрде сатып алатынын айтты. Бұл сауда үйінің иесі марқұм Социалситік Еңбек Ері Тарғынбек Тілеулиннің қызы Елмира Тілеулина.

Гүлназия қажының ризалық сөзінен кейін «Береке» сауда үйіне ат басын тіредік. Айтса айтқандай мұнда тұтынушылар көп екен. Салынғанына көп болмаған сауда үйінің сырты қандай ажарлы болса, іші де сондай көрікті, тап-таза, жып-жылы. Тұтынушылар да риза. Елмира «Қазақстанда жасалған» отандық өнімдерді сатып жатыр. Ол да көңілді.

- Елбасымызға алғысымыз зор! Біз сияқты жас кәсіпкерлерге ол кісі әрдайым қамқорлықпен келеді. Біз Елбасымызды қолдаймыз! - дейді Елмира Тарғынбекқызы.

Селодағы сауда үйлері мен дүкендерін аралау барысында аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов аудандық кәсіпкерлік бөлім басшысының орынбасары Ж.С.Әубәкірге, селолық округ әкімі М.С.Дихамбаевқа Қазақстанда жасалған өнімдердің әр дүкенде арнайы орында болуын қамтамасыз етуге тиісті тапсырма берді.

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Суретте: «Береке» сауда үйінің иесі Елмира Тарғынбекқызы ТІЛЕУЛИНА.

Әнет ЖҰМАБЕК

Ауданымыздың тумасы, Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің 7-ші сынып оқушысы, ұлты украин, дарынды Кирилл қазақ тілінде еркін сөйлейді. Қазақтың ұлттық ойындарын, салт-дәстүрлерін жақсы меңгерген.

- Мен Пономаренко Кирилл Алексейұлы, ұлтым украин, анамның аты Ниеле литва ұлтынан. Біз бақытты жанұямыз. Алдымда төрт әкем бар, мен кенжесі боламын. Мектепте ұстазым сапалы білім, жақсы



Ғ.Иттар бірлiсi - қылыбат қазына

КИРИЛЛ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЕРКІН СӨЙЛЕЙДІ

тәрбие беруде. Сол кісілердің берген білімдерінің арқасында түрлі байқауларға қатысып, жоғарыдан көрініп жүрмін. Сынып жетекшім Смайылова Айгерім апайға рахметімді айтамын. Ол кісі бізді ерекше жақсы көреді. Қашан болсада көмегін аяп қалған емес. Сабақта үлгерімімізді, тәртібімізді жіті бақылып, ақылын айтып отырады.

Оқуды озат оқитын Кириллдің сүйікті пәндері қазақ тілі мен қазақ әдебиеті. Оның бір дәлелі - 2012-2013 оқу жылында қазақ тілі пәні бойынша

облыстық олимпиадасының «Жарқын болашақ» байқауында 3-ші орынды иеленді. 2013-2014 оқу жылында облыстық «Тіл шамшырақтары» атты мәнерлеп оқу байқауында 3-ші орын алды. Сонымен қатар спорттан да хабары бар. Сүйікті спорт түрі - волейбол. Ол аудандық спорт мектебінде волейбол үйірмесіне қатысып, жақсы ойыншылардың бірі болыпта үлгерді.

Суретте: Кирилл ПОНОМАРЕНКО.
Суретті түсірген автор.
Аманкелді селосы.

ДОСТЫҚТЫ ДӘРІПТЕГЕН ДРАМА



Аманкелді елінде Ассамблея жылының басталуына байланысты өткізілген салтанатты рәсімде ауданымыздағы ұлттар достығы мен ынтымағы жақсы көрініс тапты. Оған ауданымызда тұратын ұлттардың өкілдері қатысып, Ассамблея жылының ашылуына куәгер болды.

Осы салтанатты рәсімде ауданымыздың өнерпаз жастары Гүлсім Бопайқызының «Екі жастың үйленуі» атты драмасын тамашалады. Мұнда қазақ жігіті мен неміс қызының арасындағы достықтың махаббатқа ұласуы, ақыры олардың жүректерінің қалауымен үйленуі суреттеледі. Алғашында жігіттің ата-анасы балаларына «Мұның қалай, шырағым? Біздің ауылда сенен басқа неміс қызына үйленген ешкім жоқ. Ойлансайшы, бұл немістер кешегі күні бізбен соғысқан жоқ па?!» - деп өздерінің ақылдарын айтады.

Алайда, жас жігіт «қазір қазақ халқы мен неміс халқы достасып отырғанын, екі елдің арасындағы түрлі байланыстардың өркен жайғанын» тілге тиек етіп, өзінің неміс қызын сүйетінін, оның да өзін ұнататынын айтып, «Мен осы қызға үйленемін» дейді. Сөйтіп жатқанда ауылдың ақылман қариясы Бошай келіп, дәрігер болып істейтін орыс қызының адамгершілігі туралы әңгіме шертеді. Ол өзінің замандастарына «балаларыңның сол қызға үйленгені дұрыс. Өте жақсы бала, қазақы салт-дәстүрді жақсы біледі» - дейді. Содан жігіттің әкесі: «Онда мен келісімді беремін» - дейді. Көп өтпей анасы да өзінің келіскенін айтады.

Сөйтіп, екі жас отау тігеді. Неміс қызының ролін мүсіндеген Фариза Жоламанова актрисалық қабілетін жақсы көрсетті. Оның сүйген жігіті болып ойнаған Нұрболат Едресов те қабілетінің молдығын танытты. Сол сияқты жігіттің әкесі болып ойнаған Ерлан Олжағұлов, анасы болып ойнаған Наргүл Сейдағалиева, олардың замандас-қария болып ойнаған Бекболат Көптілеуовтердің де өнері көп көңілінен шықты.

Жалпы, ауданымызда М.Қапышев атындағы халық театрының жұмысы жанданса, спектакльдерде ойнайтын таланттар ауданымызда аз емес.

Суретте: спектакльден көрініс. Суретті түсірген автор.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ШЕБЕР ГАЗЕТШІ, КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ, ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ АБЫЗЫ, ПРОФЕССОР ӘБІЛҒАЙЫЗ ЫДЫРЫСОВ - 85 ЖАСТА

Хамитбек МҰСАБАЕВ

1

...Өзге құрбы-құрдастарымыздай ағамен біз де өткен ғасырдың 70-інші жылдарының басында, Қаз МУ-дың журфагында таныстық. «Газетті безендіру» пәнінен дәріс оқыды. Өзі қандай сабырлы, сырбаз болса, сөзі де сондай салмақты, сындарлы еді. Асып-таспайтын, абдырап-саспайтын, бірқалпынан айнымайтын. Газетші-журналист болуды армандап келген жастар үшін Әбекеннің әр дәрісі қызықты да тартымды өтетін. Өйткені ұстаз кейде дәрісінің екінші жартысында аудандық газеттерден бастап облыстық, республикалық және одақтық «Правда», «Известия», «Литературная газета», «Комсомольская правда» газеттерімен қатар «Огонек», «Юность», «Новый мир» журналдарының безендірулерін бас-басына талдап, түсіндіретін. Сол сияқты, газет беттерін безендіруге әртүрлі квадраттарды қалай ойнату жөнінде өзінің бай тәжірибесімен бөлісетін. Әр мақаланы әртүрлі форматта құлпыртып берудің сан-түрлі жолдарын үйрететін. Әсіресе, прозалық шығармалардан гөрі икемге көне бермейтін поэзиялық туындыларды жарқыратып берудің әдіс-тәсілдерін санамызға көбірек сіңіретін.

Егер де сол тұста Р.Нұрғалиев пен З.Қабдолов – әдебиеттану-дан, Т.Қожекеев - сатиралық жанрлардан, С.М.Саголович пен Л.Н.Сорокина – әлем әдебиеті мен орыс әдебиетінен өз дәрістерін қалай әсерлі оқыса, Әбекеннің тәжірибемен ұштастырылған дәрістері солардың ешқайсысынан кем болмайтын. Ағай шәкірттерінің бәрін жақсы көрді және олардың әрқайсысының болашақта кім болатынын қателеспей таныды. Мысалы, курстастарымыз марқұм Мұрат Сыздықов пен Жабал Ерғалиевқа, Доктырхан Тұрлыбек пен Нағашыбек Қапалбековке, Талғат Айтбайұлы мен Серік Пірназарға – сендер жазушы боласыңдар десе, Зайда Елғондинова мен Жамау Бұқарбайға және маған – сендер акын боласыңдар дейтін. Ағаның сол айтқандары айна-қатесіз келді. Жоғарыда аттары аталған жігіттер мен қыздардың бәрі де ұстаз үмітін ақтап, акын-жазушы болды. Тек солардың арасында Мұрат Сыздықов 40 жасында, Жамау Бұқарбай 44 жасында қайтыс болып кетті. Сондарында бірді-екілі кітаптары қалды.


Соңғы курста дипломдық жұмыс жазып жүргенде Әбекен бір жолы балалық-жастық шағы туралы ағынан жарыла сыр шерткені бар еді.

- Өзің де жақсы білерсің, Аманкелдіде Бүйректал деген жер бар ғой. Мен сол жерде тудым. 12 жасымда әкем соғысқа аттанды. Содан оралмады. Мені әкемнің інісі Хамит Қасымов деген ағам ержеткізді. Қолынан келген жақсылығының бәрін жасады. Әрі аға, әрі әкем болды. Сол кісі мені 7 сыныпты бітірген соң аудан орталығы Аманкелдіден де, облыс орталығы Қостанайдан да шалғайда жатқан Бүйректалдан Қостанайға әкеліп, Жамбыл атындағы (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы) мектеп-интернатқа орналастырды. «Босада ауылдан басқа жерде оқиды екенсің, Аманкелдіден гөрі Қостанайда оқығаның дұрыс. Қаланың аты - қала ғой, берері көп болады» деді. Кетерде Хамит ағам «Әбілғайызжан, жақсы оқы, тәртіпті бол» деді. Барымды салдым. Жамбыл орта мектебін үздік бітіріп, 1947 жылы Қазақ Университетіне түстім. Оны да үздік тәмәмдап, Алматыда қалдым. Әуелі «Қазақстан пионері», кейін «Лениншіл жас» газеттерінің редакциясында қызмет істеу бақытына ие болдым. Сапар Байжанов, Кәкімжан Қазыбаев, Мұхан Мамажанов секілді достарым маған көмектерін жасай білді. Әрбір қадамыма тілектес болды. Содан газетшілік қызметім басталып жүре берді. «Лениншіл жас» редакциясында - жауапты хатшы, «Қазақстан пионері» газетінде бас редактор болып жұмыс жасадым. Ол бір қызықты жылдар еді, - деген еді.

Тағы бірде, қызы Құралайдың ұзатылу тойының алдында маған «Сен бір шаруаға көмектесіп жібер» деді. Сол шаруаны бітіргеннен кейін «Жүр, үйге барып, Заряның шайын ішіп отырып әңгімелесейік» деді. Ұстаз сол жолы да біраз сырдың шетін шығарды.

- Мен Мұхтар Әуезовтен дәріс алған бақытты жандардың бірімін. Ол кісі маған да ерекше ықылас танытты. «Лениншіл жаста» жауапты хатшы болып жүргенімде бір жолы кырғыздың сол кездегі белгісіз жас жазушысы «Шынғыс Айтматовтың «Жәміл» повесін жариялап бер», - деп өз ұсынысын айтты. Мен сөз айтастан «Мұха, жарайды» дедім. Келесі күні Шынғыс Айтматов повесін алып келді. Оны Қалжан Нұрмахановқа аудартып, газеттің бірнеше нөмірлеріне жариялады. Әуелде өзім тәржімалап көрдім, бірақ уақытым тар болғандықтан Қалжанға «мұны сен аудар, Шынғыспен танысың ғой» дедім. Ол қуана келісті. Сөйтіп, мен кейін үлкен жазушы болған Ш.Айтматовтың тұсауын кестім. Ал екінші бір айта жүрер ісім - ол кезде елге беймәлім Мұқағали Мақатаев маған бір топ өлеңдерін алып келді. Сол өлеңдерінің ішінде «Ассалаумағалейкүм, Алатауым» деген бір жыры болатын. Маған «Әбекен, осы өлеңдерімді шығарып берші» деп өтінді. Шығарып бердім. Өлеңі жарияланған күні редакцияға келіп, рахметін жаудырды. Құшақтап, арқамнан қақты. Бірақ, шынымды айтайын, ол кезде мен оның үлкен акын екенін білген жоқпын. Ол қайтыс болғаннан кейін «Лениншіл жаста» жарияланған «Реквием» деген дастанын оқыған соң барып, жете таныдым.

Жалпы, газеттер редакцияларында жауапты хатшы, бас редактор болып қызмет атқарған кезімде талай акын-жазушылардың шығармаларын бір сөзін де өзгертпестен, сол қалпында шығарып беріп жүрдім. Менің қамқорлығымды інілерім Ақан Нұрманов пен Сәбит Досановтар да көрді. Ал Сыраған мен Ғафулың өлеңдерінің басылуына жасаған қамқорлығын екі бастан ерекше болатын. Өз басым Торғайдан шыққан акын-жазушылардың арасында Сырбай Мәуленовті ерекше бағалаймын. Ол кісі - ұлы акын, ұлы редактор, ұлы журналист. Оның үстіне Сырағанды мен Қостанайдан білемін. Облыстық «Большевиктік жол» газетінде қатардағы тілшіден бас редактордың орынбасарлығына дейінгі жолдан өтті. Оны қызметте көтерген бәріміздің ұстазымыз, филология ғылымдарының докторы, профессор Хайыржан Бекхожин ағамыз. Кезінде ол кісі «Большевиктік жол» газетінде редактор болған. Сыраған осы газетте қызмет істеп жүрген кезінде Қостанай-Торғайдан шыққан Ғаббас Жұмабаев, Ғафу



Қайырбеков, Хайдолла Тілемісов, Жұмағали Ысмағұлов, Ертай Арысовтардың өлеңдерін жиі жариялап, халыққа танытуларына көп көмек жасады. Сондай-ақ Сапабек Әсіповтің, Бөгетбай Әлмағанбетовтің және менің де алғашқы жазған шатпақтарымызды газет бетінде жарияға шығарып, шығармашылығымызға жол ашты. Осы еңбегін қалай ғана ұмытуға болады?! - деді.

Біз Университет бітірерден бір жыл бұрын диплом жұмыстарының тақырыптары ұсынылды. Ұстазым әрі жетекшім Әбекен маған:

- Сен басқаны қайтесің, өз ағам, «Сырбай Мәуленов – журналист және редактор» деген тақырыпты ал! – деп кеңес берді.

Сонымен қатар Сырағаның журналистік, газетшілік жолының қалай басталғанын көрсету үшін Ұлттық кітапханада отырып, «Большевиктік жол» газетінің 1942-1951 жылдар аралығындағы тігінділерін көзімнен өткеріп шығуым керектігін айтты. Ағаның кеңесімен аталмыш газеттің тігінділерін асықпай отырып, қарап шықтым. Сонда көп нәрсені біліп, көңілге түйдім. Сырағаның «Большевиктік жолдың» 1945 жылғы тігіндісінен Торғай қаласының 100 жылдығына арналып жазылған тамаша публицистикасын оқып шығып, Әбекенге айттым. Ол кісі жымиып күлді. «Дұрыс аңғарғансың, бұл публицистика әлі күнге менің де есімде! Онда оқушы кезіміз ғой. Осы көсемсөзде Сырағаның шешендігі мен шеберлігі мен мұндалап тұр. Қарасөз емес, құлды поэзия сияқты оқылады», деді.

Дипломдық жұмысымды ұстазға екі рет көрсеткен соң ол кісі «Енді мұны машинкаға басып, түптеге бер» деді. Айтаңдай етіп орындап, үш дана қылып алып бардым. «Қазір мен Сырағаға телефон шалайын, егер үйінде болса, бір данасын ол кісіге өз қолыммен тапсыр», - деді.

Телефон тұтқасын ақынның зайыбы Күнжамал жеңгей көтерген болу керек. Ұстаз ол кісімен аз-кем амандықтан соң «Сыраға бар ма?» деп сұрады.

- Жүр, екеуіміз де барайық, Сыраған екеуің де келіндер деп айтты. Жол жүргелі жатыр екен, - деді ұстаз.

Барсақ ақын аға Ғафекеңнің былтырғы 50 жасқа толған (1978ж) тойынан кейін науқастанып қалған екен. Таудай денесі шөге түскендей көрінді. Жеңгей шайға шақырды. Дастархан басында ұстаз ол кісіге дипломымының бір данасын ұсынды. Ол оны парақтап, мазмұнын асығыс қарап шығып,

- Менің публицистикалық шығармаларым туралы осыдан 5-6 жыл бұрын бір бала дипломдық жұмысын қорғаған еді. Ал мына баланың тақырыбына және мазмұнындағы бөлімдерінің атауларына қарасам, менің журналистика мен редакторлық қызметіме тереңдеп барып, талдау жасаған секілді. Екеуіне де рахмет! Әсіресе, Әбілғайыз саған! Бір-бірімізді осылай қолдап жүргенге не жетсін?! - деді ақын аға.

Кейін, 1988 жылы болу керек, Әбекен туған бөлесі, Амангелді ауданының өнерін өркендетуге зор үлес қосқан марқұм Мейрамхан Қапышевтің 40 күндік асына келді. Сонда Мейрамханнның әкесі Қапыш деген кісінің кезінде Қайғыда, Таз - Тағышы елдерінде әділ би болғаны туралы ғибратты әңгімелер айтты...

Бізді де іні тұтып, бауырына тартып - аға болған, шәкірт қылып, тәлім-тәрбие беріп - ұстаз болған Әбекенмен қазір де хабарласып тұрамыз. Әрине, анда-санда. Кезінде сүйікті зайыбы Зәкіман - Заря жеңгейдің қолынан талай рет дәм татып, үзілте салған әндерін таңдайымыздың суын жұтып таңғала тындаған едік. Біз диплом алғанда жалдамалы пәтерде жайған дастарханымыздың төрінде отырып, ағамыз екеуі бірі - Төлегеннің, бірі - Қыз Жібектің ариясын орындап, мәжілістің көркі болған еді...

2

Әбекен бертінге дейін өзі білім алған ҚазҰУ-дің журналистика факультетінде ұстаздығын жалғастырып келді. Профессор атанды. Ама! не, жасы 70-ке таяғанда бір қол, бір аяғынан айырылып қалып, төсекке таңылды. Бірақ, әуелі Аллатағаланың, сосын Заря жеңгеміздің, балалары Құралай мен Ерланның қамқорлығының арқасында кеселді дертті жеңді. Бір жағы өзінің сабырлы мінезінің, төзімділігі мен жігерлілігінің, өмірге деген сүйіспеншілігінің арқасында Жаратқан Иеге сыйынып, қаламын қолына алды. Құлан-таза айғыр кетпегенмен, жазу-сызуға мүмкіндік туған соң арқасына жастық тіреп қойып, төсекте отырып, 68 жасында аяулы жары, өмірлік серігі Заря жеңгемізге деген мөлдір махаббаты туралы 4 томнан тұратын

«ТАҢШОЛПАН» тетралогиясын жазуға кірісті. 40 жылдан астам уақытқа созылған кіршіксіз сезімі жүрегінің төрінен көз ашылған кәусар бұлақтай атқылады. 4 томды бас-аяғы 2 жылда, 70 жасында жазып бітірді. Бұл «Таңшолпан» романы - журналист Әбілғайызды, газетші Әбілғайызды, тарихшы-ғалым Әбілғайызды үлкен жазушы Әбілғайызға айналдырды. Шынында да Әбекеннің мұнысы таңқаларлық еді. Ешкім күтпеген рухани ерлік еді.

Әбекен қазақ әдебиетінің төрт қабырғасы іспетті төрт ұлы классикті - М.Әуезовті, С.Мұқановты, Ғ.Мүсіреповті, Ғ.Мұстафинді ерекше жақсы көрсе, ақындардан Қасым мен Сырбайды, жазушылар арасынан Сырағаның құрдасы Әзілхан Нұршайықовты ерекше бағалайтын. Үнемі аузынан тастайтын. Прозаиктер арасында, әсіресе, «Жазушылығымен қатар адамгершілігі жоғары» деп Әзілхан Нұршайықовты «Әз-ағам менің» деп үлгі ететін. «Махаббат жыршысы» дейтін. «Таңшолпанды» өмірге әкелу арқылы Әбекеннің өзі де енді сол ұлы Әз-ағасының қатарынан орын алып отыр.

Әбекеннің «Таңшолпаны» - махаббат туралы, Зарясы мен өзі туралы, Торғай елі мен Торғай жері және жеңгейдің елі Қарқаралы туралы, оның атасы Қазауысты Қазыбек би бабамыздың елі мен ұрпақтары туралы ерекше ықыласпен, шексіз сүйіспеншілікпен, бір деммен жазылған ғажайып туынды! «Мен қазақтың» деген қазақтың әрбір перзентінің оқып шығуы керек тағлымды дастан. Ұстаздың, ағаның ұзақ жылдар бойы әрі кен, әрі үлкен жүрегінің төрінде танбаланып-жазылып, жылдар бойы сұрыпталып, зергерлік шеберлікпен шындалып барып, ақ қаздың бетіне топ етіп түсіп, тасқа басылып шыққан аққу-жыр, аққу-ән, аққу-күй іспетті. Сондықтан да, бұл тамаша кітапты қазіргі жастар сонау 70-інші жылдарда Әз-ағаның «МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» романын қалай құмарта оқыса, сондай ынтызарлықпен оқыры талассыз. Мұндай кітаптар - өмірге сирек келетін жақсы-жайсандар мен тау тұлғалар сияқты, рухани әлемімізде де сирек туады.

Аллаға сансыз шүкірлік, сансыз мадақ, ағаның, ұстаздың тамаша кітаптары, әсіресе, кәсіби газетшілер үшін қазақ тілінде тұңғыш шыққан «Газетті безендіру» секілді туындылары аз емес. Бірақ солардың бәрінен Заря жеңгей екеуінің бір-біріне деген ұлы махаббатынан туған «Таңшолпан» тетралогиясының орны қашан да ерекше. Бұл роман - қазақ әдебиетінің тарихындағы ең бір елеулі, ерекше туынды. Ол қазақ халқы барда ұрпақтан-ұрпаққа жете беретін аса құнды роман.

Сабырлы адам Алла ұзақ ғұмыр берсе, кеш те болса мақсатына жетеді. Бұл сөзіміздің дәлелі – Әбілғайыз ағаның өмірі мен өнері. Заря жеңгеміз және Әділхан Нұршайықов, Сапар Байжанов бастаған достары Әбекенді Алтай дейтін және үшеуі де өмірден осылай атап өтті. Бұлары мүмкін Әбекенді Алтайдың тауындай биік болсын дегендері шығар... 70 жаста да көп нәрсе тындыруға болатынын Әбекеннің тағдырынан көруге болады. Егер ол «Таңшолпанды» жас кезінде жазса, қазіргідей биік деңгейге жеткізе алар ма еді?! Ойландырады. Бұл роман жастық шаққа деген, махаббатқа деген ыстық сағынышпен жазылған. Сондықтан да, оқырманды алға тартып отырады. Еріксіз оқуға жетелейді.

Әбекен Мұхтар Әуезовті өмір бойы ардақтап келе жатқан қалам қайраткері. «Таңшолпанды» жазуыма Мұхтар ағам кеңес берді. Кейін, роман жазылмай, жас ұлғайған шағымда Мұхан түсіме енді. «Пәлі, Әбілғайыз, «ТАҢШОЛПАНДЫ» неге жазбай жүрсің? Тездетіп қолына қалам ал! Енді жазбасаң - мүлде жаза алмайсың. Ал, кіріс!», деп батасын берді. Мұханның аруағы маған қанат бітіргендей әсер етті. Дерее келесі күннен бастап жарым-жартылай денсаулықпен қаламсапты қолға алып, жазуға отырдым. Басталуы қиындау болды. Алғашқы беттен соң-ақ жазуым көсіліп сала берді. Еш қиналғаным жоқ. Өбден ойда қорытылған туынды ғой. Келдергіс жазып шықтым. Заряға да, өзіме де ұнады. Өзімізге ұнаған соң қалың жұртшылыққа да ұнады. Енді мұндай шығарма жаза аламын ба, жаза алмаймын ба – оны Құдай біледі. Жазсам деген дүниелер әлі де бар» - дейді Әбекен.

Жас кезде емес, ұлғайған жаста сырқаттанып жүріп, қалам-мен еңбек ету таңқаларлық жәйт қой. Жас кезінде қызметбасты болып келген Әбекеннің 70-ке таяғанда өнімді де өндіре жаза бастауы - талайға тағлым һәм сабақ. Өзіміз де ұстазымыздың, ағамыздың осыбір қабілетіне сүйіспеншілікпен қараймыз. Алла ғұмыр берсе, Әбекенді шығармашылық жұмыс жасасақ деп тілейміз. Ол жолдағы үлгі де, өнеге де - Әбекен. Жас кезімізде қалай ұстаздық етсе, қазір де сол баяғы сырбаз қалпында тәлім беріп жүргендей. Әбекенге қарап бой түзейміз, ой түзейміз. Ол бізге, аманкелділік журналистерге ерекше қымбат, ерекше ыстық. Оның нұрлы жүзін көргенде бір жасап, жадырап қаламыз.

Әбекен тұтас қазақ елінің журналистеріне зор білім, тәрбие берді. Солардың арасында аманкелділік журналистер аз емес. Басы сонау Тәшім Құсайынов, Құрымғали Құсайынов, Сейдағали Иманбаев пен Өтеген Сейдізмов, Еренғайып Әбдіхалықов, Төлеген Сейдахметов, Жұматай Сабыржанұлы, Әбжан Әбілтай, Самат Асқарұлы, Қанеш Қанафия, Сұлтанғали Бейсекеев және бізден кейінгі Қалжігіт Смағұловқа дейінгі аралықтағы аманкелділік журналистерге барлық жағынан үлгі болды. Көмегі мен жәрдемі еш аяған жоқ.

Бір қызығы Әбекен дарынды інілерінің бірі Мұхтар Мағауин секілді докторлығын әдейі қорғамады. Қорғап алуына мүмкіндігі мол еді. Бірақ, өзі қаламады. «Мен журналист-жазушымын. Демек, менің еңбегім мен дарыным - осы салаларда көрінуі керек» - деді. Сөзінде тұрды. Бірнеше туындылар жазды. Өзірге бас кітабы - «Таңшолпан»! Кім біледі, аға қаламынан алдағы уақытта да тағлымды туындылар туып жатса, енді таңқалуға болмас.

Ұлағатты ұстаз бұл күндері 85 жасқа келіп отыр. Оны жан-жақтағы шәкірттері мен әріптестері құттықтауда. Олар Қазақ Баспасөзінің абызы Әбекенге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шалқар шабыт тілейді. Біз де - солардың біріміз! Сондықтан да:

- Жасай беріңіз, асқартау сынды абыз аға! – дейміз.

Суреттерде: жазушы-ғалым Әбілғайыз Ыдырысов және оның төрт томдық роман-тетралогиясы «ТАҢШОЛПАННЫҢ» мұқабалары.

МАМАНДЫҒЫМ ЖАЙЛЫ ОЙ ПОЛҒАУ

*Тәрбиеші болу – бақыт,
Көрсетер оны уақыт
Ізденіп, үйреніп, үйретсе,
Осындай кәсіп – жаққұт.*

Тәрбиеші – ол мектепке дейінгі мекемеде тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жетекшілік етіп, үш тармақта – бала, ата- ана, ұжыммен бірлесе мәселені шеше білетін педагог. Тәрбиеші – ол бағбан сияқты балауса шыбықты күтіп, баптап жапырағын жайған ағаштай, балаларға тәлім – тәрбие беріп, жарқын өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын маман. Менің өз басым тәрбиеші болудағы ең басты мақсатым – бүлдіршін сәбилердің бал үні мен күміс күлкісіне қуанып, оларды тәртіптілікке, адамгершілікке, қайырымдылыққа, шыдамдылыққа, кеңпейілділікке, басқаларды сыйлай білуге және мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Мен үшін де осынау өмірдегі ең қастерлі, әрі қасиетті мамандық ол - тәрбиешілік «Жол таңдауда, жалтандауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың тәуелсіз еліміздің ертені боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаныма еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін.

Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол өз қалауымен таңдаған кәсіп, мамандығына деген саликалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән – мағынасын, қоғамдағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеніне өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі. Қалаған ісіне ғашықтық пейілмен қарай білсең, өмірден өз орнында тапқандығың!

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай ағамыз айтқандай, меніңде осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғаныма он бес жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауыртпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиеленушімнің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Сондықтанда бұл іс екінің - бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнімен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс.

Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің азда болса, үлесім тиіп жатса, мен өзімді жақсы тәрбиеші ұстаз, бақытты жанмын деп білемін. «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлықта мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» біз мектеп бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз.

Шын жүреппен қалаған кәсіп арқылы өмірлік несепенді, абырой беделінді, қоғам алдындағы құрметінді еселей аласың, тәрбиеші болу айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді. «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Мектеп тәрбиешілері қай кезеңде болсын, ертенгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет.

Тәрбиешілердің әр күні ізденіспен, ертенгі азаматты қалыптастыру,

жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін. Тәрбиеші: бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс. Өйткені, біз елдің ертенгі азаматтарын тәрбиелеудеміз, біз жас ұрпаққа қазыналы да ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз.

Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүрмен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз. Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз. Он бес жылдан аса тәрбиешілік, еңбекте жүріп түйгенім, тәрбиешілік еңбекке мен басы бүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді еш уақытта естен шығармаймын.

Ұлағатты ұстаз, еңбеккор тәрбиеші болу – менің де арнымам, ұстанып келе жатқан қағидам. Тәрбиеші – маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманына қанат бітіретін басты тұлға. Бала – адамзаттың болашағы болғандықтан, мектепке дейінгі тәрбие саласында жасалатын жұмыстар қыруар дегім келеді. Жаңа заманда мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің үздік жаңашыл тәсілдерін, шеберлікпен үйретудің ең сапалы траекториясын құру керекпіз. Өйткені, білім мен тәрбиеміз заман талабына сай озық болса ғана, өркениет көшінің алдыңғы легіне ілесе аларымыз хақ.

Г.ОСПАНОВА,
Амангелді орта мектебінің тәрбиешісі

ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі таңдағы адам ақпарат саласында қарқынды өрлеу жағдайында өсуде. Осы орайда мектеп алдындағы тұрған мақсат - оқушыларды өмір жолында туатын сұрақтарға жауаптарды өз бетімен табуға үйрету, өздерінің іс-әрекеттерінің салдарын бағалап, олар үшін жауапкершілікті ала білу, мұның өзі өмір барысында жиналатын білімнің негізі болатын өзін-өзі оқыту мен дамыту дағдыларын алуды, осы білімді шығармашылық күйде қолдана білуді білдіреді. Мектеп осы жағдайларда өз оқушыларының бойында жинақылық, серпінділік, сындарлылық қасиеттерін дамыта отырып, заман өзгерістеріне эзирлеуі тиіс. Бүгінгі таңда мектепте білім беруді жетілдірудің жетекші бағыттарының бірі әртүрлі инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады. Солардың бірі – ақпараттық технология.

Сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді оқушы болып қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында сабақ барысында интерактивті тақтаны қолдана отырып, тестті ақпарат құрылғылары арқылы немесе

әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып ақпарат арқылы кескін картамен жұмыс жасауда, керекті суреттерді біріктіру кезінде, елдің табиғаты туралы видеоны интернет желілерінен алып көру, халықтың саны жөнінде статистикалық мәліметтерді пайдалана отырып диаграмма құруда, өнеркәсіп салаларын кестелер арқылы құрастыруда т.б. пайдаланған өте тиімді.

Яғни, АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып табылады. Олар бір мезгілде белгілі хабарлама береді, оны оқушылардың қандай мөлшерде игергендіктерін, өз дәрежесіндегі теориялық біліммен практикалық біліктіліктерін қалыптастырады, негізгі және қосымша анықтамаларды ашады, санаулы секундтарда қажетті бетті, параграфты, абзацты немесе қажетті ақпаратты таба алады, ең бастысын белгілейді т.б. Кейбір компьютерлер оқушылардың ерекшеліктеріне орай үйрену қарқынын бейімдейді, жауаптарына анализ жасап, сол негізде кезекті үйрену мөлшерін орнықтырады, жауаптарын

белгілейді, оқушының жауап қайтаруына қажетті мүмкіншілік жасайды. Компьютерлік оқыту технологиясының пайдасы әртүрлі компьютерлік программалар арқылы жазу, оқу, сызу, есептеу, диаграмма, схемалар салуға қолайлылығы т.б. болып табылады.

Ақпараттық технологияның тиімді жақтары: қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; білім сапасын арттыруға әсер етеді; көзбен көріп, колмен ұстау немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың түрлі нәтижелерін көріп, білуге мүмкіндік береді; оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге ықпалы зор.

Қазіргі мұғалімнің негізгі мақсаты – әрбір оқушыны өз біліміне, бойындағы қабілетіне қарай ақпараттық технологияны қолдану арқылы кез-келген жағдайда өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағыттау.

Г.АБИШЕВА,
Ә.Боранбаев атындағы орта мектептің география пәні мұғалімі

Энердің өрітмалдары

МАХАМБЕТ ОҚУЛАРЫ

Таяуда Ә.Боранбаев орта мектебінің базасында аудандық «Махамбет Өтемісұлы оқулары» байқауы өткізілді. Байқау үш номинациядан тұрды:

«Мен Өтемістің баласы Махамбет атты батырмын!» - Махамбет шығармаларын жатқа оқу конкурсы.
«Ұлы арман» - Махамбеттің әндері мен күйлерін орындаушылардың конкурсы.

«Тартынбай сөйлер асылмын» - жас дарындар конкурсы.

Ә.Боранбаев атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы Сейдағазин Бекзат «Ұлы арман» - Махамбеттің әндері мен күйлерін орындаушылардың конкурсынан бас жүлдені иемденді. Жетекшісі Асқаров Дархан Балғабекұлы.

Суретте: жеңімпаз Б.Сейдағазин ұстазы Д.Асқаровпен бірге.

ОЛИМПИАДА ӨТТІ

Таяуда Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің базасында аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасы өтті. Олимпиада негізінен бес номинациядан тұрды. Олар: «Тілші әдебиетшілер» конкурсы; «Жазушылар» конкурсы; «Жас ғалымдар» конкурсы; «Сөз шеберлері» конкурсы; «Әнші бұлбұлдар» конкурсы;

Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептен әр номинацияға бір оқушыдан қатынасып, оқушыларымыз жүлделі орындармен оралды. Атап айтқанда:

«Тілші әдебиетшілер» конкурсынан Айтмағанбетова Меруерт - III орын иеленді, жетекшісі Сейдахметова Кенжегүл.

«Жазушылар» конкурсынан Аманжолова Назерке - I орын алды, жетекшісі Бекенова Гауһар.

«Жас ғалымдар» конкурсынан Айтмағанбетова Ақару - II орын еншіледі, жетекшісі Сейдахметов Ержан.

«Әнші бұлбұлдар» конкурсынан Темірлан Сейтжан II орын алды, жетекшісі Асқаров Дархан.

Дархан АСҚАРОВ,

Ә.Боранбаев атындағы орта мектептің ән-саз пәнінің мұғалімі.

ТАЛАНТЫМЕН ТАМСАНДЫРҒАН

Таяуда Амантоғай жалпы білім беретін орта мектебінде «Жас Ұлан» оқушылар ұйымының ұйымдастыруымен республикалық Абай оқуларының қатысушысы Амангелді Назеркенің құрметіне «Талантымен тамсандырған баршаны» атты кеш болып өтті.

Кештің мақсаты: мектеп оқушыларына мектебіміздің мақтанышы Назеркенің таланты туралы көбірек мағлұмат беру, әрі Амангелді Назеркені мектеп оқушыларына үлгі - өнеге ретінде көрсету. Назерке Амантоғай жалпы білім беретін орта мектебінің мақтанышы. Оның сыңғырлаған тамаша үні талай жүректі тебіртетті десеңізші... Назерке ән айтуды өзіне бала кезінен серік еткен жас талант иесі. Назерке аудан мен облыста болып өткен Абай оқуларының I-ші орын иегері. Сонымен қатар «Жас Ұлан» оқушылар ұйымында да өзінің белсенділігімен көзге түскен оқушы.

Ол Абай ағамыздың туған жері Семейге де барып, өз өнерін паш етіп келді. Назеркенің бұл жетістігі біздің мектебіміздің зор жеңісі, Назеркенің ата-анасы Байкенов Амангелді мен Смағұлова Нұргүлдің және жетекшісі Бекетов Сағи ағайдың еңбектерінің жемісі. Назеркенің құрметіне өткен кешті тамашалауға келген көрермендер оның өнеріне тағы да тамсанып қайтты. Бұл кеште ән де айтылып, би де биленді. Ең бастысы бұл Назеркенің өзіне ұнады. Осы кеште Назеркемен қатар ән айтып жүрген мектебіміздің талантты әншілері де өнер көрсетті.

Түрлі ойындар арқылы кеш одан әрі қыза түсті. Әрлеу жұмыстары да көңілден шықты. Кештің соңында мектеп директоры Бейсенғалиев Ғалымжан Жасталапұлы құттықтау сөз сөйледі. Сонымен қатар сынып жетекшісі Түсіпбекова Айнұр апайы мен сыныптас достары Назеркеге тілек білдіріп, сыйлық табыс етті.

Кештің сценаристтері мен жүргізушілері: «Жас Ұлан» оқушылар ұйымының мәдениет министрі Балғабеева Самал мен премьер-министрі Құлымбетова Нұриә. Әрлеу жұмыстарын жүргізген: мектеп ұланбасшысы – Сатова Дарина. Кеште Назеркемен қатар өнер көрсеткен оқушылар: «Ақжелкен» конкурсының лауреаттары – Шайхин Әділет пен Балтабай Әсет. Және де мектебіміздің жас әншілері – Балтабай Айсауле, Кәрімжанқызы Томирис, Құткелдин Арман, «Шұғыла» бишілер тобы. Осы кештің жауапты мұғалімі – «Жас Ұлан» оқушылар ұйымының жетекшісі, тәлімгер Есенаманова Айгүл Жұмағалиқызы.

Алдағы уақытта Назеркеге толағай табыс, мектебіміздің атын асқақтатар әнші болуына, Назеркенің үлкен сахнадан өнер көрсетуіне, мектепті үздік аяқтап, қалаған оқу орнына түсуіне тілектеспіз.

Нұриә ҚҰЛЫМБЕТОВА,
Амантоғай орта мектебіндегі «Жас Ұлан» оқушылар ұйымының премьер-министрі.

ХАБАРЛАМА

№2 Байтұрсынов сайлау округі бойынша Амангелді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелді:

Давлетов Есым Салықұлы - 1965 жылы туған, «Амангелді мал дәрігері» МКК дирек-

торы, Амангелді ауылында тұрады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Заңының 104 бабына сәйкес жарияланады.

№2 Байтұрсынов округтік сайлау комиссиясының төрағасы

Қ.Мұстафина



Зекет (арабша) - қазақша көбею, өсу, тазару деген мағынаны білдіреді. Ол исламның бес парызының бірі. Қаләм Шәріп бойынша - шарт, рассулаһ (с.ғ.с.) ұстанған сүннет. Аллатағала Құран Кәрімнің «Бақара» сүресі, 83 аяттыңда: **«Намаз оқындар, зекет беріндер!»** деген.

Зекет беру мұсылман баласы үшін - аса маңызды іс. Әрбір мұсылман адам, әрбір мұсылман отбасы - елі, ұрпағы өсіп-өркендесін десе бес парызды орындау керек. Зекет берген адам мол ырыздыққа кенеледі. Ол үлкен сауап.

Қазақстан Мұсылмандары

Діниіміз тұрсын дін аман

ЗЕКЕТ БЕРУГЕ АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Діни Басқармасы бекіткен «Пәтуаларда» төрт түлік малға қанша көлемде зекет берілетіні көрсетілген. Сол сияқты, қаржылай берілетін Зекеттің де көлемі сонда көрсетілген. Егер «Пәтуалар» қолыңызға тимесе өзіңіз тұратын жердегі **мешіттерге хабарласыңыз**, болмаса аудан орталығындағы мешітке (тел: 2-10- 60), болмаса аудандық **Зекет қорына** (тел: 2-17-50), оның төрағасы Серік қажы Қабденұлына хабарласып, қолма-қол біле аласыз. Дұрысы Серік қажымен хабарласқан.

Ауданымызда зекет беру басталып кетті. Үрнек, Қабырға, Қарасу ауылдық округтерінің тұрғындары белсенділік танытты. Оларға мың да бір рахмет! Басқа да ауылдық

округтеріміз жұртшылығы зекет беруге жұмылып жатыр.

Зекет қорына түскен қаржы мешіттерімізді көркейтуге және оның қызметкерлеріне жалақы төлеуге жұмсалады. Түскен қаржы мен малдың есебі қатаң жүргізіледі. Қабылдап алған адам да, малды оған әкеліп тапсырған адам да құжат береді. Оны мешіттің және Зекет қорының алқа мүшелері қадағалап отырады.

Құрметті аудан жұртшылығы, зекет беруге Алла ризалығы үшін шын ықыласпен кірісейік! Теңіз - тамшыдан дегендей, көп болып қосылсақ, Зекет қоры ауданымызда имандылықты арттыруға, мешіттердің жұмысын жақсартуға және мешіт қызметкерлерінің алансыз жұмыс істеуіне толық жағдай

жасаймыз. Себебі мешіттің басқа табыс көзі жоқ. Зекет қорының алқасы өз үлестерін қосқан адамдарға сен көп бердің, немесе сен аз бердің демейді. барға риза болады. Әркім жағдайына қарай үлесін қосып, осы істен сырт қалмағаны абзал. «Мұсылман болсаң бір-біріңе көмектес» деген ғой.

Алла үйі мешітті гүлдендіруге және сол мешіттің қызметкерлерінің алансыз жұмыс істеуіне үлесімізді қосайық. Ол үшін зекетті жылдамырақ берейік. Сөз соңында құрметті жерлестер, сіздерді тағы да зекет беруге асығуға шақырамын.

Серік қажы ҚАБДЕНҰЛЫ,
аудандық Зекет қорының
төрағасы.

ЗЕКЕТТЕРІН БЕРІП, ПАРЫЗДАРЫН ОРЫНДАҒАНДАР

Қарасу ауылдық округі бойынша зекет беру жүріп жатыр. Қазірдің өзінде бірқатар кісілер зекеттерін беріп, парызын орындады. Олар:

1. Әуезов Серік - 1 кой
2. Біржан Балтабай - 1 сек
3. Байғұла Рақымжан - 1 кой
4. Бөжентаев Жеңіс - 1 кой
5. Ғалин Таутан - 1 кой

6. Жакыпов Аязбай - 1 кой
7. Қоржынбаев Әбілхан - 1 кой
8. Едіресов Бақыт - 1 кой
9. Дауғарин Сағадат - 1 кой
10. Садықов Боранбай - 1 кой
11. Есимсеитов Ахметхан - 1 тоқты
12. Абилдин Олжас - 1 тоқты
13. Искаков Серік - 1 тоқты

Барлығы 13 бас «Тәубә» мешітінің

алқа мүшесі Серік қажы Қабденовке тапсырылды. Зекет қорына өз үлесімізді қосамыз деушілер әлі де бар.

Гүлнар МҰЗДАХАНОВА,
«АА» газетінің қоғамдық тілшісі,
округ әкімі аппаратының бас маманы.
Қарасу ауылы.

Адам.Қоғам.Заң.

МАҚСАТ - ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында елімізде жүргізіліп жатқан саяси жаңғырудың басты мақсаты – Заң үстемдігі сақталатын демократиялық қоғам құру екендігін атап өткені белгілі.

Бұл тұрғыда құқық қорғау органдарына жергілікті билікпен тығыз жұмыс істей отырып, қызмет атқару жүктелген.

Мемлекетіміздегі құқық қорғау органдарының негізгі мақсатына тоқталатын болсақ, сот органдарының заңды күшіне енген үкімі бойынша қоғамдық жұмысқа, түзеу жұмыстарына тарту,



бас бостандығын шектеу, белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылған, шартты жазаммен сынақ мерзімге сотталғандар, тағайындалған жазаны

кейінге қалдырып, жүкті әйелдер мен балалары бар әйелдердің мінез құлқына бақылау жасау болып табылады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші аталмыш орган қызметкерлері қылмысты болдырмау мақсатында қылмыс жасаудың алдын ала отырып, осы бағытта іс- шаралар ұйымдастырып, профилактикалық жұмыстар атқарады.

Бүгінгі күні Аманкелді аудандық ІІБ профилактикалық есебінде тұрған сотталған азаматтардың басым бөлігі жұмысының нәтижесінде ертеңгі күнге сенім ар-

тып, дұрыс жолға түсуге бағытталаып келеді.

Сонымен қатар Елбасы құқық қорғау органдарының кеңейтілген отырысында азаматтардың құқық қорғау органдарына сенімі басты көрсеткіш болуы тиіс екендігін айтқан болатын.

Сондықтан учаскелік полиция инспекторының міндеттерінің бірі болып табылатын қылмыстың алдын алу және қылмысты болдырмау мақсатында кіршіксіз қызмет атқаруда.

А.ӨМІРТАЕВ,
Аманкелді аудандық ІІБ
ӘПБ УПИ
полиция лейтенанты

Өрт - тілсіз жау

АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАУІП - ҚАТЕР ТӨНГЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БІЛУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қыста жолға шыққанда сақтықты қажет ететін бірнеше жалпы қарапайым ережелер бар:

- метеорологиялық мәліметтерді тындап немесе қоршаған табиғатты бақылап, ауа райының өзгерісін байқаныз;
- алыс жолға жалғыз шықпауға тырысыңыз.
- Егер боран сізге жолда автомобильмен келе жатқанда тап болса:
- автомобилді тоқтатып, радиатор жағынан қозғалтқышты бүркеніз;
- мүмкіндігінше автомобильді жолдан ық жаққа қаратып қойыңыз;
- әлсін-әлсін автомобильдің айналасындағы қарды оның астында қалып қоймас үшін күреп отырыңыз;
- кабинаға газдың енуіне жол бермеңіз: газ шығатын түтіккі қар бітеп тастамауын қадалағаныз.
- Егер жолда бірнеше адам

болса (бірнеше автомобильдер), барлығына бірге жиналу және бір автомобильді пайдалану қажет

Үйде немесе жұмыс орнында өрт шыққан жағдайдағы іс-әрекеттер

Егер өрт үлкен болмаса, өрт жалының үстінең бір затпен жауып (жабықш, кілемше) сосын су құю керек. Сондай-ақ түтінмен демалмауға тырысыңыз, ауызыңызды және мұрныңызды сулы шүберекпен жабу қажет. Өртен, сол сәтте жанып жатқан заттарды шығармаңыз: бұл өрттің өршілуіне әкеп соғады. Өртті сүмен сөндіріп және құм шашуды шетінен бастап, ортасына жылжуға қажет.

Егер өрт үлкен болса, бұл жағдайда басты шарт:

- Ғимараттан тез арадан шығу керек. Өрт үлкен болмаған жағдайда да, бірақ ғимаратта түтін көп болса, тез арада құтқарылу қажет,

себебі өрт жалынынаң қарағанда түтінің адамға зияндығы көп. Сонымен қатар келесі ережелерді сақтауға тиістісіз:

- түтін иісін сезген кезден, ғимараттан тез арадан шығу қажет. мүмкіндігінше ауызыңызды және мұрныңызды сулы шүберекпен жауып, ғимараттан бүгіліп шығу керек

- Егер өрт шағын ғимаратта өршілсе, есік, терезелерді ашыпаныз: таза ауаның кіруі және өтпе жел өртті күшейтеді. Өрт сөндіру кезінде жылдам және шешімді қыймылдау керек.

Өрт сөндірушіледі телефоның 101 нөмерімен шақырғанда, өзіңіздің мекен-жайыңызды, телефонызды, тегіңізді және қай жерде нәнін жанып жатқаның нақты хабарлаңыз.

- Су тасқыны болған жағдайда не істеу қажет:
- көршілерді ескертіндер,

балаларға, карт адамдарға, мүгедектерге көмектесіңіз;

- су тасқыны қауіпі жөнінде немесе эвакуация туралы дабыл бергенде қауіпті аймақтардан белгілі қауіпсіз аудандарға немесе жоғары тұрған учаскелерге шығыңыз (кетіңіз).

- эвакуация тәртібі мен тәсілі туралы ақпарат оқып біліңіз;

- апат болған уақытта тұрақты белгі беріп отыру қажет: күндізгі уақытта жақсы көрінетін, ағашқа қағылған, сүлгіні немесе былғап белгі беріңіз, ал қараңғы кезде жарық беретін және даысыңызды шығарып белгі беріп отырыңыз.

А.МИЗАНОВ,
аудандық
ТЖБ-нің бастығы
міндетін атқарушы,
өртке қарсы қызмет аға лейтенанты

Аудандық әкімдікте

СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ

Таяуда аудан әкімінің орынбасары М.Д.Қаласовтың басшылығымен семинар жиналыс өтті. Онда қаралған сұрақтар: тұрмыста сұйылтылған газ баллондарды пайдалану, сақтау және тасымалдау бойынша өрт қауіпсіздік талаптары және сұйылтылған газ баллондардың мемлекеттік стандартқа және техникалық регламентке сәйкес талаптамасы. Семинар кеңесте Аманкелді ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкері, Аманкелді ауданы №21-ші өрт сөндіру жөніндегі бастығы, Аманкелді селолық округ әкімшілігінің өкілі, Аманкелді ауданы әкімінің ТЖ жөніндегі бас маманы және ауданның газбен қамтамасыз ету өкілдерінің қатысуымен өтті.

Семинарда Аманкелді ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері өртке қарсы қызмет капитаны А.Б.Сейдахметованың баяндамасы тыңдалды. Онда: газ баллондарды тасымалдау өкілдеріне халықты қауіпсіз газбен қызмет көрсетуді ұйымдастыруды, автокөліктерді өрт қауіпсіздік талаптамасына сәйкес қақпақша түтігі орнатылған дұрыс қалыптағы ұшқын сөндіргішпен жабдықтауды, газ баллондарды сақтау қоймалар өртке қарсы керек-жарақпен жабдықтауды, газ баллондарды тасымалдау автокөліктерде арнайы торлар, ағаштан жасалған тор немесе газ баллондарға арналған шығыршық резинамен жабдықтауды, автокөлік жүргізушілерде арнайы қауіпті тасымалдау және газ баллондарды жүзеге асыратын куәлік құжаттың болуы, газ баллондарда соғылған белгі, боялған және ГОСТ деген жазбаның болуы, газ баллонда ГОСТ-қа сай қатан толтырылуы қажет екенін және газ баллондарды толтыру кезінде қақпақтары дұрыс күйінде екені тексерілуі керектігі айтылды. Жиналыс соңында аудан әкімінің орынбасары М.Д.Қаласов өз сөзінде, газбен қамтамасыз ету өкілдеріне адамдардың жарақат алуы мен қаза болу оқиғаларына жол бермеу мақсатында газ сақтау ғимараттарын өрт қауіпсіздік талаптарына сай етіп қолдан келгенше жасауды тапсырды.

Аманкелді ауданы төтенше жағдайлар бөлімі

Науқастың өтініші

КОМЕК БЕРІҢІЗ, АҒАЙЫН!

Құрметті жерлестер, батыр атындағы ауданның халқы! Мен Тахир Мәулетұлы Хабибуллин біржарым жылдан бері омыртқа ауруымен ауырып жүрмін. Талай жерге барып қаралдым. Қазіргі таңда төсек тартып жатырмын. Екі аяғымнан жүре алмай қалдым. Соңғы төрт айда дәрінің көмегімен ғана жатырмын. Енді Астана қаласындағы білікті мамандарға қаралуым керек болып тұр. Соған байланысты сіздерден көмек сұраймын. Екі балам бар. Әйелім жұмыссыз. Үйдің өзін жалдап тұрып жатырмын. Басқа амалдың жоқтығынан халқым, Сіздерден қаржылай көмек сұрауға мәжбүр болып отырмын.

Өрине, туыстарым да жоқ емес. Атамекенім - Қарасу ауылы. Ондағы туыстар да көмектерін береді деп сенемін. Менің мекен-жайым: Аманкелді селосы, Дүйсенбин көшесі, 49/1 үй. Ұялы телефондарым: **8-702-387-58-34; 8-702-945-75-82.**

Өздеріңізге деген құрметпен - Тахир ХАБИБУЛЛИН.

ЕСКЕ АЛУ

Балаларына мейірімді, туыс-туғандарға сыйлы анамыз **Бірмағанбетова Зейнеп САҒЫНБАЙҚЫЗЫ** ортамыздан кеткеніне 40 күн болды. Жатқан жері жайлы, қабірі нұрға толсын деп сағынышпен еске аламыз.

САҒЫНЫШ

Жан ана өзінді біз сағынамыз, Ана деп шуағыннан нәр аламыз. Анасыз қалдырсада мына тағдыр, Жылуын қалдыршы деп жалынамыз.

40 күн болды бізден алыс кеткеніңе,
40 күн болды әкемізге жеткеніңе.
Кеше ғана ортамызда жүрген анам,
Уақыт шіркін зуылдап өткені ме.

Анажан топырағың торқа болсын,
Әр қашанда қабірің нұрға толсын.
Жұмақтағы әкем менен әжемеде,
Сәлем айтшы Мүгілсін татеме де.

Еске алады туыс-туған бауырларын,
Қабырғасы қайысты-ау балалардың.
Дұға қылып күнде біз қол жаямыз,
Жатқан жерің жайлы болсын жан анашым.

Еске алушылар: балалары, бауырлары, туыс-туғандары.

ЕСКЕ АЛУ

Аяулы анамыз, сүйікті енеміз, ардақты әжеміз **Алтын Қарақызы ЖАҚАНОВАНЫ** қайтыс болғанына 40 күн толу қарсаңында сағынып еске аламыз. Артында төрт баласы қалды. Оның қазасы біздің қабырғамызды қайыстырып кетті. Төрт ай ауырып жатса да, Аллаға сыйынып, кейістік білдірмей, балалары мен азаматының тілегін тілеп жатты. Шыдамдылығында шек жоқ еді. Топырағың торқа болсын алтын десе алтын болған Алтын анамыз, Алтын әжеміз. Алла саған пейіштен орын бергей.

Еске алушылар: ұлдары Азиз, Еркебұлан, Ерасылан, қызы Азиза, келіні Мөлдір және жәубайы Кенжебек, немерелері Мұхамеднұр, Жәніпым, Айсере

Анамыздың 40 күндік асы 2015 жылдың 5 наурызы күні Кейкі батыр көшесіндегі 17 үйде беріледі.



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату жөнінен аукцион өткізеді.

Сауда 2015 жылы 17 наурызда сағат 10.00 де мемлекеттік мүлік тізімінің www.gosreestr.kz. веб-порталында өткізіледі.

Аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 (бұдан әрі-Ережелер) қаулысымен бекітілген жекешелендіру нысандарын сату Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

АУКЦИОН
Ағылшын әдісі

«Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ (Амангелді ауданы, Байғабыл селосы, Байқадамов көшесі 9) 1. Бұрынғы балабақша ғимараты, салынған жылы анықталмаған, жағдайы жартылай бұзылған, Бастапқы бағасы – 423095 теңге. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна 63464 теңге.

Назар аударыңыз! Тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуына қатысушының хабарландыруда көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сауданың өткізілеті туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сатушының шотына аукционның басталуына жетпіс екі сағат қалғанға дейін түспеуі негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін тізілім веб-порталында мыналарды көрсете отырып алдын ала тіркелу қажет:

- 1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (болса);
- 2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі БСН), толық атауы, бірінші басшысың тегі, аты, әкесінің аты (болса);
- 3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктің есеп шотының деректемелері;
- 4) байланыс мәліметтері (пошта мекенжайы, телефон, факс, e-mail);
- 5) ұлттық куәландыру орталығы берген ЭСҚ қолданыс мерзімі.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілім веб-порталында енгізілген мәліметтерді өзгертеді.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізілім веб-порталында қатысушының ЭСҚ қойылған аукционға қатысу туралы өтінімді нысан бойынша тіркеу қажет.

Аукционға қатысушылар аукционның басталуына бір сағат қалғанда ЭСҚ мен аукциондық нөмірді пайдаланып, аукцион залына кіреді. Аукцион сауданың өткізілуі туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласы уақытында аукцион залында жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын автоматты түрде орналастыру жолымен басталады.

Аукционды сауданың ағылшын әдісімен өткізу Ережелері

- 1) егер аукцион басталғаннан кейінгі жиырма минуттың ішінде аукцион залында қатысушылардың біреуі жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын Ережелерге сәйкес белгіленген кадамға өсіру жолымен жекешелендіру нысанын сатып алуға тілек білдірмесе, онда осы жекешелендіру нысаны бойынша аукцион өтпеді деп танылады;
- 2) егер аукцион басталғаннан кейінгі жиырма минуттың ішінде аукцион залында қатысушылардың біреуі жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын Ережелерге сәйкес белгіленген кадамға өсіру жолымен жекешелендіру нысанын сатып алуға тілек білдірсе, онда бастапқы баға белгіленген кадамға өсіріледі.
- 3) Егер ағымдағы баға өсірілгеннен кейін жиырма минуттың ішінде қатысушылардың біреуі жекешелендіру нысанын ағымдағы бағаны өсіру жолымен сатып алуға тілек білдірмесе, онда жекешелендіру нысанын сатып алуға өз тілегін соңғы болып растаған қатысушы жеңімпаз болап табылады, ал осы жекешелендіру нысаны бойынша аукцион өтті деп танылады.

Жекешелендіру нысаны бойынша сауданың ағылшын әдісімен өтетін аукцион қатысушылардың біреуі ұсынған ең жоғарғы бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру нысаны бойынша сауданың ағылшын әдісімен өтетін аукцион жекешелендіру нысанының бастапқы бағасы бағаны өсірудің кемінде екі кадамына өссе, оның үстіне бастапқы бағаны екі кадамға өсіруді кемінде екі қатысушы жүзеге асырса ғана өтті деп танылады.

Аукцион қортындылары туралы хаттама аукцион қортындыларын және жеңімпаз бен сатушының сату бағасы бойынша жекешелендіру нысанын сату-сатып алу келісім-шартына қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сату-сатып алу келісім-шартына аукцион өткізілген күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде мына мекен-жайда қол қойылады: Амангелді ауданы, Амангелді селосы, Майлин көшесі 14, 2 қаб, Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ.

Сонымен қатар аукцион жеңімпазы сату-шыға сату-сатып алу келісім-шартына қол қоярда түпнұсқаларын салыстыру үшін ұсына отырып келесі құжаттардың көшірмелерін не болмаса келесі құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады: 1. Жеке тұлғалар үшін: төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесін;

Заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама;

2. Заңды тұлға өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың, сондай-ақ төлқұжат пен заңды тұлға өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Құжаттардың түпнұсқасы салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағатының ішінде қайтарылады. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна жекешелендіру нысанының алғашқы (бастапқы) бағасының 15%-ын құрайды.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна «Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ, Астана қ., ҚР ҚМ қазнашылық комитетіндегі № КЗ 650705034520508006 шотына, БИК ККМФКЗ2А, БИН 000340003212, Кбе 12, КНП 171, мекеме коды 12, енгізіледі.

Сауда қатысушыларын тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталады және аукционның басталуына жиырма төрт сағат қалғанда аяқталады. Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8 (71440) 21-5-65, 21-3-48 және сайт бойынша: amangeldy-finans@mail.ru.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

КТУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района» проводит аукцион по продаже объектов районной коммунальной собственности

Торги состоятся 17 марта 2015 года, в 10 часов, на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Продажа объектов районной коммунальной собственности осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920 (далее - Правила).

АУКЦИОН
Английский метод

КТУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Амангельдинского района» (Амангельдинский район, село Байғабул, улица Байқадамова 9) 1. Здание бывшего детского сада, год постройки не установлен, состояние полуразрушенное. Стартовая цена – 423095 тенге. Гарантийный взнос для участия в аукционе составляет - 63464 тенге.

Внимание! Основанием для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки является несоблюдение участником требований, указанных в объявлении, а также непоступление за семьдесят два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на счет продавца.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

- 1) Для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее- ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);
- 2) Для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее- БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;
- 3) Реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;
- 4) Контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail)
- 5) Срока действия ЭЦП, выданной национальным удостоверяющим центром.

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра. Для регистрации в качестве участника аукциона не обязательно на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в аукционе по форме, подписанную ЭЦП участника. Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Астаны путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта приватизации.

Правила проведения аукциона по английскому методу торгов:

- 1) Если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правилам, то аукцион по данному объекту приватизации признает несостоявшимся;
- 2) Если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале один из участников подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правилам, то стартовая цена увеличивается на установленный шаг;
- 3) Если в течение двадцати минут после увеличения текущей цены ни один из участников не подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения текущей цены, то победителем признается участник, последний подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации, а аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

Аукцион по объекту приватизации по английскому методу торгов идет до максимально предложенной цены одним из участников. Аукцион по объекту приватизации по английскому методу торгов считается состоявшимся только в том случае, если стартовая состоявшимся только в том случае, если стартовая цена объекта приватизации повысилась не менее чем на два шага увеличения цены, при этом повышение стартовой цены на два шага осуществляют не менее двух участников.

Дополнительную информацию можно получить по телефону 21-5-65, 21-3-48 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru

Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются электронным протоколом результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем и использованием ЭЦП в течение двадцати четырех часов после завершения аукциона.

Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня проведения аукциона по адресу: Амангельдинский район, с.Амангельды, ул. Майлина 14, 2 этаж, КТУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района».

При этом победитель аукциона представляет продавцу при подписании договора купли-продажи копии следующих документов с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

- 1) Для физических лиц: паспорт или документа, удостоверяющего личность физического лица, для юридических лиц: свидетельство либо справка о государственной регистрации (перерегистрации) юридических лиц;
- 2) Документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица а также паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица;

Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа. Гарантийный взнос для участия в аукционе составляет 15% от начальной (стартовой) цены объекта приватизации. Гарантийный взнос для участия в торгах вносится на счет КТУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района», № КЗ 650705034520508006 в Комитете казначейства МФ РК г.Астана, БИК ККМФКЗ2А, БИН 000340003212, КБЕ 12, КНП 171, код учреждения 12.

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за двадцать четыре часа до начала аукциона. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8 (71440)21-5-65, 21-3-48 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru

ХАБАРЛАМА

Аманкелді аудандық мәслихатының № 306 шешімімен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 19 бабы 6-тармағының 1), 3) тармақшаларына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуіне және өз еркімен сайлау комиссиялары құрамынан шығуына байланысты кейбір сайлау комиссияларының мүшелері өз міндеттерін атқарудан босатылды. Аманкелді аудандық мәслихаты төмендегі босаған округтік, учаскелік комиссия мүшелерінің орнына осы хабарлама газетке шыққан күннен бастап 1 ай мерзім ішінде саяси партиялардан комиссия мүшелігіне өз үміткерлері туралы ұсыныстар қабылдайды.

1. № 4 Абай округтік сайлау комиссия бойынша – 1 орын.
2. № 5 Байғабыл округтік сайлау комиссия бойынша – 1 орын
3. № 217 Амантоғай учаскелік сайлау комиссия бойынша – 1 орын
4. № 221 Горняк учаскелік сайлау комиссия бойынша – 2 орын
5. № 223 Степняк учаскелік сайлау комиссия бойынша – 1 орын
6. № 225 Үштоғай учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 2 орын
7. № 227 Амангелді учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 1 орын
8. № 232 Кемер учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 1 орын
9. № 236 Ағайдар учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 1 орын
10. № 238 Сарысай учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 2 орын
11. № 239 Үрпек учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 1 орын
12. № 242 Қабырға учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 1 орын
13. № 243 Жанатай учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 1 орын
14. № 244 Байғабыл учаскелік сайлау комиссиясы бойынша – 1 орын

Саяси партиялармен басқада қоғамдық ұйымдардың аудандық мәслихаттың жұмыс тобына қажетті тапсыратын құжаттары:

1. Саяси партия мен қоғамдық ұйымдардың жиынының хаттамасының көшірмесі, қай комиссияға ұсынылғаны туралы;
2. Саяси партияның немесе қоғамдық ұйымның Әділет департаментіне тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі;
3. Мәслихатқа берген үміткердің өтініші мен жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

Құжаттарды Аманкелді аудандық мәслихатының жұмыс тобы қабылдайды. Мекен жайы: Аманкелді селосы Майлин көшесі – 14 ұй

Байланыс телефондары: 21-5-31;23-7-81;

Құттықтаймыз!

Балдай тәтті немереміз
Ақмырза Жанерке
және Ақмырза Әліби
АЙТУАРУЛЫН шұғылалы
көктемнің алғашқы айы –
Наурызда болатын туған
күндерімен құттықтай отырып,
бақытты балалық шақ тілейміз.
Денсаулықтары мықты
болып, ата-анасын тәтті
кылықтарымен қуанта берсін.



Құтты болсын немерем, туған күнің,
Шаттық пенен күлкіге толсын үнің.
Жастан жасқа жете бер балапаным
Қуанышқа толы болсын әрбір күнің.



Тілек білдірушілер: нағашы ата-әжесі Қуанышбай-Жамал, нағашылары Абай, Айна, Елубай-Жанна, Дімішханбет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Биылғы жылы атап өтілгелі отырған Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне байланысты бірқатар мекеме-касіпорын қызметкерлері өз еріктерімен өздерінің бір күндік еңбекақыларын «Аманкелді қорына» аударуға бастама көтерді. Бастама қолдау табуда.

Құрметті жерлестер! Сіздерді Ұлы Жеңістің 70 жылдықын лайықты атап өтуге өздеріңіздің үлестеріңізді қосуға шақырамыз.

Аманкелді қорының әкімшілігі.

НОТАРИУС: 31.08.2013 жылы қайтыс болған аз.Әмір Сапабектің мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай нотариаттық аймағының нотариусы Исмағұлова Ақмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

21.06.1995 жылы Төлеген Ержановтың атына берілген №0033161 Жер учаскесінің мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

2006 жылы 26 желтоқсан күні Дүйсенбаева Сайранкүлдің атына берілген жылжымайтын мүлікті жария ету туралы №1175 шешім жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 378

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.